# Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

12 ЖЕЛТОҚСАН СЕНБІ 2015 жыл №188-189 (19076-19077)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ www.syrboyi.kz


● ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ КҮНІ

**Кеше Астанада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен жалпыұлттық телекөпір өтті.**

# НЫСАНДАР ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ИГІЛІГІ

Индустрияландыру күні аясында өткен «Қазақстанды жаңа индустрияландыру. 2015 жыл қорытындысы» атты жалпыұлттық телекөпір барысында Мемлекет басшысы онлайн режимінде Индустрияландыру картасының 16 жаңа нысанын іске қосты.

Атап айтсақ, Индустрияландыру картасына енген бірегей жоба – «Karazhal Operating» серіктестігінің барит өңдеуге арналған өндірістік кешенін іске қосуға рұқсат берді. Сонымен қатар, «KAZ Minerals» тобының «Бозшакөл» және «Ақтоғай» кен байыту кешендері, Батыс Қазақстан облысындағы электр стансасы мен Ақмола облысындағы жел-электр стансалары және Маңғыстау облысындағы «Ақтау солтүстік теңіз терминалы» ЖШС Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстік бағытқа кеңейту жобалары іске қосылды. Елбасы Қызылорда облысында «РМЗ-Шапағат» серіктестігінің үй құрылысы комбинатын іске қосты.

«Телекөпір барысында біз 16 жобаның іске қосылғанын бақыладық, оларда 3300 жаңа тұрақты жұмыс орны құрылады. Олар Қазақстанның өнеркәсіп өндірісінің 8 басымдықты саласында жүзеге асырылып отыр. Ең төменгі есептеулердің өзінде бұл жобалар біздің экономикамызға қосымша 270 млрд теңге кіріс әкеледі», – деді Мемлекет басшысы.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жастарды жаңа кәсіпорындардың құрылысына атсалысуға шақырды.

«Құрметті отандастар! Бүгін жаңа индустриялық жобаларға бастау бере отырып, біз халқымыздың басты мерекесі – Тәуелсіздік күні қарсаңында Қазақстан халқына



сый жасап отырмыз. Бүгін мен отандық кәсіпорындардың барлығын еліміздің индустриялық қуатын арттыруға белсене атсалысуға шақырамын. Индустрияны дамыту арқылы ғана біз өзге елдердің көшіне ілесе аламыз. Ал, жастарды жаңа кәсіпорындардың құрылысына қатысуға шақырамын. Бұл – уақыт талабы. Ал бүгін экономикалық әлеуетімізді жаңа өндіріспен толықтырған, кәсіпорындар туралы жіті баяндаған сіздерге, кәсіпорынды салған, оны пайдалануға берген қызметкерлердің барлығына, аймақ әкімдіктеріне алғысымды білдіремін. Қазақстанның қуатты мемлекет болуына барлығымыз үлесімізді қосайық. Мәңгілік еліміздің мерейі үстем, айбыны асқақ болсын! Істеріңіз ілгері болсын!» – деді Елбасы сөзін қорытындылап.

Биылғы жылы Индустрияландыру картасы бойынша барлығы 120 жаңа нысан пайдалануға беріліп, 10 мың тұрақты жұмыс орны ашылды. Жалпы, бағдарлама жүзеге асырылған 6 жылда елімізде 890 өндіріс іске қосылды. 85 мың адам тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз етілген. Жобалардың 90 пайыздан астамы жеке бизнестің есебінен жүзеге асты.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**

# ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ КОМБИНАТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

**Кеше «Қазақстанды жаңа индустрияландыру. 2015 жыл қорытындысы» атты жалпыұлттық телекөпір барысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қызылорда облысында «РМЗ-Шапағат» серіктестігінің үй құрылысы комбинатын іске қосты.**

Құрылыс материалдарының өндірісі – ел экономикасының аса маңызды салаларының бірі. Осы орайда, Қызылорда қаласында үй құрылысы комбинаты салынды. Жобаның құны – 1,5 миллиард теңге. Үй салуда комбинат сапалы әрі қауіпсіз неміс технологиясын пайдаланады. Яғни, зауыт әлемге танымал «WEILER» компаниясының құрылғыларымен жабдықталған. Комбинат бетон-қабырға, баспалдақтар, әр түрлі ұзындықтағы жабынды плиталар мен биіктігі 12 метрлік колонналар және тұрғын үй құрылысына қатысты өзге де материалдарды шығарады. Айта кетейік, плиталар 120 метрлік қос қалыпта құйылып, тапсырыс берушінің сұранысына сай кесіледі.

«РМЗ-Шапағат» ЖШС Бас директоры Мұратбек Жақановтың айтуынша, комбинаттың құрылысы барысында 52 адам жұмыс істеген. Қолданысқа берілген күннен бастап 68 адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік беріп отыр. Ал ғимараттардың құрылысын салуды қолға алғанда 120 адамға жұмыс табылады.

– Аса құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы! Сіздің қатысуыңызбен «Үй құрылысы комбинатын» іске қосуға дайынбыз. Жобаны іске асыру үшін мемлекеттік бағдарламалар көмегімен қаржылық қолдау және лизингке шетелден құрал-жабдықтар алынды. Жылына 35 мың шаршы метр каркасты тақта (панель) үйлерін салатын боламыз. Бұл – құрылыс нысанын үнемді және қысқа мерзім ішінде аяқтауға септігін тигізеді. Құрметті Елбасы, жасалып жатқан қолдау мен қамқорлыққа ұжымның атынан үлкен алғыс білдіремін. Сізден комбинатты іске қосуға рұқсат сұраймын, – деді «РМЗ-Шапағат» ЖШС Бас директоры Мұратбек Жақанов тікелей эфирде.

Осылайша, Мемлекет басшысының рұқсатымен жаңа өндіріс іске қосылды.

Жалпы, біздің аймақ үшін тұрғын үй құрылысы өндірісінің маңыздылығы жоғары. Себебі, соңғы жылдары Сыр өңірінде құрылыс қарқын алған болатын. Ал осы құрылысқа қажетті материалдың дені бұған дейін өзге аймақтардан тасымалданып келген. Енді бұл өзекті мәселенің шешімі табылды. Облыста салынатын тұрғын үй, емхана, аурухана, мектеп және басқа ғимараттардың құрылыс материалдары жаңа комбинаттан алынбақ. Ең бастысы, өндірістің өнімі сапалы әрі бәсекеге қабілетті. Бұған қоса, серіктестік басшысы Мұратбек Жақановтың айтуынша, дайын бетон қабырғалардың ортасына жылу оқшаулайтын материал салынады. Нәтижесінде, цемент 30 пайызға үнемделеді және ғимараттар суық тартпайды.

Жаңа кәсіпорынның 2017 жылдан бастап игеріле бастайтын Сырдарияның сол







жағалауындағы жаңа қоныстың тез әрі сапалы салынуына үлкен септігі тимек. Оның үстіне, кірпішке қарағанда бетон қабырғалар сейсмологиялық жағынан берік. Сондықтан, жаңа өндірістің аймақ экономикасына едәуір серпін берері анық.

Сонымен, жаңа іске қосылған үй құрылысы комбинаты жаңа жобаларды жүзеге асыруға асығып отыр. Көп ұзамай тұрғын үйлердің құрылысын қолға алмақ.

Телекөпірге облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

**Дәурен ОМАРОВ,**
**Бағдат ЕСЖАНОВ** (сурет).

●МӘСЛИХАТ

# ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ БЮДЖЕТІ ҚАБЫЛДАНДЫ

Бейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезекті 42-сессиясы болып өтті. Сессия төрағасы депутат Қалқазбек Әжібеков сесссия күн тәртібін хабарлағаннан кейін аймақ басшысы сөз алып, облыс әкімінің 2015 жылға арналған Іс-қимыл жоспарының орындалуы туралы айтып өтті. Қырымбек Елеуұлы Іс-қимыл жоспарындағы негізгі міндет ретінде жұмыспен қамту және әлеуметтік тұрақтылықты сақтау, құрылымдық реформаларды жалғастыру мен елді мекендерді дамыту міндеттері анықталғанын атап өтіп, осы міндеттер аясында атқарылған жұмыстар жайлы ақпарат берді.

Мұнан соң облыс әкімі келесі жылға арналған Іс-қимыл жоспары ең алдымен жаһандық дағдарыстың өңір экономикасы мен халықтың әлеуметтік жағдайына кері әсерін азайтуға бағытталғанын жеткізді. Сондықтан да ол «Қызылорда облысы әкімінің 2016 жылға арналған дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспары» деп аталады. Іс-қимыл жоспарының басымдықтары - 100 нақты қадамнан тұратын Ұлт Жоспарына, Президент Жолдауының басым бағыттарына, сондай-ақ, Елбасының осы жылдың 18 қарашасындағы Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде берген тапсырмаларына сәйкес анықталды. Сонымен қатар, мұнайдың әлемдегі баға нарығы да ескерілді. Осылардың негізінде 5 басымдылық анықталып отыр. Оның бірінші және ең маңызды міндеті – адамдарымыздың жаппай жұмыстан босауына жол бермеу және жаңа жұмыс орындарын ашу. Екінші басымдық – бірінші кезекте қажетті тауарларға бағаларды алыпсатарлықпен өсуіне және тұрғындар үшін коммуналдық қызметтер тарифтерінің негізсіз өсуіне тосқауыл қою міндеті. Үшінші басымдылық – экономиканы әртараптандыруға, соның ішінде микробизнесті (шағын бизнесті) дамытуға бағытталған шаралар кешенін дайындап, оны жүзеге асыру. Дағдарысқа қарсы іс-шаралар жоспарының төртінші басым бағыты – инфрақұрылымды жаңарту мен дамыту, ең алдымен, коммуналды инфрақұрылымды дамыту болып табылады. Жұмыстың бесінші аса маңызды бағыты – халықаралық қаржы ұйымдары мен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік арқылы өңірдің дамуына инвестиция тарту. Аймақ басшысы депутаттар мен сессияға қатысушыларды осы басым бағыттардың аясында орындалуы тиіс жұмыс жоспарларымен таныстырды.

Облыс басшысы сонымен қатар сессия барысында бүгінгі қиын-қыстау кезеңде қоғамда дүрдараздық туғызатын кейбір келеңсіз құбылыстардың алдын алу, жол бермеу, болдырмау жайлы ой тастады. Бұл ретте үлкен жолдың бойында аталарының атын жазып, мешіт пен көшеге есімін беріп, ру жарыстырудың тоқтау орнына өршіп келе жатқанына алаңдаушылық білдірді. Шындығында, бақталастық пен атаққұмарлыққа итермелейтін мұндай жарыстар ысыраптан өзге пайда әкелмейді. Сауап жинаймын деген адамға салатын мектеп пен көпір, қазатын құдық жетерлік, қажет болса, тізімін дайындап беруге болады деді аймақ басшысы. Ата мен елді білу – бөлінуге емес бірігуге, жарысуға емес жұмылуға, тартысуға емес тәрбиелеуге бастауы керек. «Бірінді қазақ бірің дос, Көрмесең істің бәрі бос...» дегендей Абай заманында жұртты шағыстырған алауыздықтың осы кезге дейін базбіреулер үшін ермек болып келері өткір айтылды.

Облыс басшысы сонымен бірге несиеге той жасап, жастарды үй болмай жатып қарызға батырудан арылу қажеттігін атап өтті. «Жалпы халықты несиеден сақтандыру, оның қауіпті екендігін түсіндіру– қоғамдық маңызы бар міндетке айналуы тиіс» деген Қырымбек Елеуұлы қоғамдық-әлеуметтік жағдайларды реттеп, күрмеуі қиын түйінді тарқату үшін барлық елді мекендерде «Қоғамдық кеңестер» құру керек деген ұсыныс тастады.

– Бұл – халықтың өзін-өзі басқару тетігінің нағыз өзі болмақ. Тоқетерін айтқанда, өз елімізге өзіміз «ие» екенімізді көрсетуіміз керек, – деді облыс әкімі қорытынды сөзінде.

Сессияда «2016-2020 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму бағдарламасы» бекітіліп, сонымен бірге «Қызылорда облысының 2020 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму Стратегиясы туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы шешіміне өзгерістер енгізілді. Мұнан кейін депутаттар 2016-2018 жылдарға арналған бюджетті бекітті. Облыстың келесі жылғы бюджеті 149,9 млрд теңге көлемінде бекітілді. Оның ішінде салықтық және салықтық емес түсімдер 4,9 млрд теңгені құрады. Ал нысаналы трансферттердің кредит сомасы 58,8 млрд теңге болды.

Сессияда, сондай-ақ, күн тәртібінде белгіленген басқа да мәселелер талқыланып, тиісті шешімдер шығарылды. Мұнан кейін Қ.Көшербаев облыстық мәслихаттардың бірнеше шақырылымының депутаты болған бір топ азаматтарға республикалық «Қазақстан мәслихаттарының бірлестігі» белгілеген «Қазақстан мәслихаттарының Құрметті депутаты» белгісімен марапаттады. Бұл құрметті атаққа Алмагүл Божанова, Самұрат Имандосов, Өмірбек Жүсіпов, Нұрмұрат Ерманов және Қылышбай Бисенов ие болды.

**Ы.ТӘЖІҰЛЫ.**

## 16 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ КҮНІНЕ ОРАЙ ОБЛЫСТА ӨТЕТІН МЕРЕКЕЛІК ІС–ШАРАЛАР

1.«Достық үйінің» салтанатты ашылу рәсімі – 13 желтоқсан, сағат 19.00. Қызылорда қаласы, «Достық үйі».

2.«Тәуелсіздік – қазағымның сан ғасырлық арманы» фотокөрме – 14-19 желтоқсан, сағат 11.00. Облыстық тарихи-өлкетану музейі.

3.«Туы биік, тұғыры мығым – Тәуелсіздік» дөңгелек үстел – 14 желтоқсан, сағат 11.00. Студенттер сарайы.

4. «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» мерекелік шара – 14 желтоқсан, сағат 15.00. Соқырлар қоғамының клубы

5. Тәуелсіздік құрдастарымен кездесу – 15 желтоқсан, сағат 11.00. Қала әкімдігінің мәжіліс залы.

6. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған Мұстафа Шоқай атындағы қазақ күресінен жасөспірімдер арасындағы республикалық турнир – 14-15 желтоқсан, сағат 12.00. Шиелі ауданы.

7. «Тәуелсіздік – ел ұраны» әдеби-әуезді кеш – 15 желтоқсан, сағат 15.00. Облыстық тарихи-өлкетану музейі.

8. Қызылорда қаласы, Шүкіров көшесіндегі жаңа тұрғын үйдің ашылу салтанаты – 15 желтоқсан, сағат 16.00. Қызылорда қаласы, Шүкіров көшесі.

9. «Арай-2» мөлтек ауданындағы жаңа балабақшаның іргесін қалау рәсімі – 15 желтоқсан, сағат 16.30. Қызылорда қаласы, «Арай-2» мөлтек ауданы.

10. 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған салтанатты жиын – 15 желтоқсан, сағат 17.00. Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.

11. Р.Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай» спектаклі – 15 желтоқсан, сағат 18.30. Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.

12. 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған салтанатты шара – 15-16 желтоқсан. Қызылорда қаласы және барлық аудандар.

13. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі – 16 желтоқсан, сағат 9.00. Әйтеке би көшесі (Желтоқсан-Өсербаев көшелерінің аралығы).

14. Қармақшы ауданы, Ақай ауылындағы 600 орынға лайықталған жаңа мектептің ашылу рәсімі – 16 желтоқсан, сағат 10.40. Қармақшы ауданы, Ақай ауылы.

15. «Тәуелсіздік елімнің ерлік жолы» мерекелік шара – 16 желтоқсан, сағат 11.00. Орталық алаң.

16. «Қылқалам ұшындағы қиял». ҚР Суретшілер одағының мүшесі Ө.Мамақованың сурет көрмесі – 16 желтоқсан, сағат 11.00. Облыстық тарихи-өлкетану музейі.

17. Қазақ хандығының 550 жылдығы мерейтойына арналған «Қазақ елі» аллеясының ашылуы – 16 желтоқсан, сағат 11.45. Қармақшы ауданы, Жосалы кенті.

18. Қармақшы ауданы, Ақтөбе ауылындағы күрделі жөндеуден өткізілген Мәдениет үйін пайдалануға беру – 16 желтоқсан, сағат 12.25. Қармақшы ауданы, Ақтөбе ауылы.

19. Жалағаш ауданындағы 300 орынға лайықталған мектептің ашылу салтанаты – 16 желтоқсан, сағат 14.00. Жалағаш ауданы.

20. Шиелі ауданы, 21-теміржол бекетіндегі 100 орынға лайықталған жаңа мектептің ашылу рәсімі – 16 желтоқсан, сағат 15.50. Шиелі ауданы, 21-темір жол бекеті.

21. «Қазақстан – бірлік қайнары» мерекелік концерт – 16 желтоқсан, сағат 16.00. Облыстық филармония.

22. «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында Алғабас елді мекеніндегі ауыз су жүйесін «Жиделі» су топтық құбырына қосу – 16 желтоқсан, сағат 16.20. Шиелі ауданы, Алғабас ауылы.

23. Шиелі ауданы, Ш.Қодаманов ауылындағы әкімшілік ғимаратымен танысу – 16 желтоқсан, сағат 16.50. Шиелі ауданы, Ш.Қодаманов ауылы.

24. «Алтын күнді қондырып қанатына, Қазақ елі самғайды болашаққа» мерекелік кеш – 17 желтоқсан, сағат 11.00. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана.

# БАҚҰЛ БОЛ, ҚАЗАҚТЫҢ АБЫЗЫ

Алтын тамырлы қазақ әдебиетінің алып бәйтерегі құлады. Қабырғалы елінің абызына айналған, әлемнің үздік қаламгерлерінің арасынан өзіндік орнын алған Әбіш Кекілбаевтың фәниден бақиға аттанғаны туралы желтоқсанның ызғарлы желіндей суық хабар келді. Қараша халқына қара сөздің құдіретін ұғындырған ұлы жазушы өтті өмірден... Ақсағанның балдағы, үзілгеннің жалғауы болған жанашыр жан көшті жалғаннан... «Қазаққа Әбішті берген Аллаға шүкір» дейтін халық атан белін қайыстырар ауыр қайғыға душар болды. Әбіш Кекілбаев қазақ руханиятының беткеұстар айнасы, арыстан жал айбаты, теңіздей терең шежіресі, мыңжылдықтарды бүгінмен жалғаған тірі жәдігеріндей еді.

Дара талант, тумысы бөлек тұлғаның қазасы қалың қазақты әдебиетсүйер қауымды, адалдық пен тазалықтың бағасын білетін ақеден ағайынды қайғыртты. Ақ көрпесіне оранып жатқан маң дала терең күрсініп, алып таулар тербелгендей. Қаралы хабар тарағалы бері қайраткердің ешкімге ұқсамайтын биік болмысы бұрынғысынан да тұлғалана түсті. Ел газеті – «Егемен Қазақстан» «Халқымыз аса ауыр қайғыға душар болды. Әбіш Кекілбаев өмірден өтті. Саналы адамға бұл қазаның салмағын саралап жату артық. Әр қазаққа, барша отандастарымызға көңіл айтамыз» деп жазды. Ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлы «Абыз өтті Дүниеден, әулиелік пішінмен,

Қасқыр да түлкі бұ заман қадірін кімнің түсінген,
Бақи мен фәни арасы буырқанған бұлттарыңды жосылтып,
Ұлы Дала, Сен де енді дұға еткейсің ішіңнен...» деп күңіренді.

Әбіш Кекілбайұлы 1939 жылы 6 желтоқсан күні Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы Оңды ауылының Мырзайыр деген жерінде туған. Ол әкесін сұм соғыс жалмаған буынның өкілі. Жастайынан ескі кітаптарды оқып, үлкен кісілер айтқан ғибратты әңгімелерге үйір болып өскен. Сол балаң шақ пен ұлттың абызына айналған кемел кезеңнің арасында ол халқының жүрегінен орын тапты. Қазақ әдебиетінің алтын қорына «Үркер», «Елең-алаң» романдары секілді шоқтығы биік туындылар қосты. Ол Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасып, дамуына өлшеусіз еңбек сіңірді. Саналы ғұмырында түрлі жауапты қызметтер атқарды. Қазақстан Республикасының тұңғыш Мемлекеттік хатшысы, Парламент Сенатының депутаты болды. Бірнеше орден-медальдармен марапатталған.

Әбіш Кекілбайұлының көптеген шығармалары бірнеше шетел тілдеріне аударылған. Ол ҚазССР Мемлекеттік сыйлығын, Қазақстан Республикасы Президентінің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығын, «Отан» орденін, Түркі елдері қауымдастығының шешімімен «Түркі дүниесіне сіңірген еңбегі үшін сыйлығын», «Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» орденін, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алды.



Әбіш Кекілбаев өз халқына ата тарихтың тұнық бастауындағы ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жеткен шежірені жазып қалдырды. Тәуелсіздіктің елең-алаң шағында жұртшылыққа «Ұлан-ғайыр жер бергенмен, басы өспей келе жатқан жұртымызды ырзық-берекеге ұйытып, есе түгендейік, еңсе тіктейік» деп өсиет айтты. Халқы да алқалы жиынның алдына маңдайы жарқырап шығатын Әбіштен парықты пәтуа, толымды тағылым күтетін. Мұндайда ол бұрынғының билеріндей терең ой, кесек сөз айтып жұртын бір серпілтетін. Оның теңіздей терең толғанысы, парасатынан туған пайымы жүректердің түкпірінен орын алып, халық арасына лезде тарайтын. Ол айтқан тағылымды ойлар сөз қадірін білетін ағайынның қойын дәптеріне түсіп, ақпарат тарататын арналар мен желілерді аралап кететін.

Әбіш Кекілбаев қазақ әдебиетінің тұтас бір дәуірін жасап кетті. Халқын адамгершілікке, адалдыққа, ізгілікке баулыған шығармалары арқылы саналарға сәуле түсіріп, самаладай жарқыратты. Ұлтының мәртебесін ұшар биікке көтеріп, ұрпағының игілігіне жарар мол мұра қалдырды. Ендігі жерде қалың қазақ талантты перзентін оның өнегелі өсиеттерінен, шешендік сөздерінен, шырайлы шығармаларынан іздейтін болады.

Облыс әкімдігі мен мәслихаты, “Нұр Отан” партиясының облыстық филиалы, облыс жұртшылығы және зиялы қауым мемлекет және қоғам қайраткері, ұлттық мақтанышымызға айналған Әбіш Кекілбайұлының қазасына орай марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.

Бақұл бол, қазақтың Абызы, Ұлттың бойтұмары.

# МАҚСАТ – ЖАҢА ЖАҒДАЙҒА БЕЙІМДЕЛЕ ОТЫРЫП ДАМУ

## ОБЛЫС ӘКІМІ Қ.Е.КӨШЕРБАЕВТЫҢ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Бүгін біз келесі жылға арналған өңіріміздің негізгі қаржы құжатын қабылдаймыз. Бұл құжат күрделі экономикалық жағдайда, ерекше экономикалық кезеңде қабылданып жатыр.

Облыстық бюджет жобасы өңірдің 2020 жылға дейінгі даму стратегиясының негізінде, Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына жасаған жаңа Жолдауы мен 100 нақты қадамнан тұратын Ұлт жоспарын ескере отырып жасалған облыс әкімінің 2016 жылға дейінгі іс-шаралар жоспарына сәйкес жасақталды.

Өздеріңіз білетіндей, Елбасы Жолдауында бес негізгі бағыт бойынша дағдарысқа қарсы кешенді және құрылымдық өзгерістер жасау мақсаты қойылды. Олар: қаржы секторын тұрақтандыру, бюджет саясатын оңтайландыру, жекешелендіру мен экономикалық бәсекелестікті ынталандыру, сондай-ақ жаңа инвестициялық және әлеуметтік саясатты дамыту.

Әрине, әлемдегі дағдарыс пен түрлі өзгерістер біздің де жоспарларымызға түзетулер енгізуде.

Осы жылдың 18 қарашасында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы – ғаламдық жағдайдың өзгергендігін, сондықтан да жаңа реформаларға, жаңа экономикалық құрылымға көшетін уақыт келгендігін ескертті.

Жаңа экономикалық құрылыстың астарында мұнай бағасына тәуелсіз, жаңа жағдайға бейімделе отырып даму мақсаты жатыр. Көп мамандар мұнай бағасының бұрынғыдай жоғары болуы енді мүмкін емес дейді. Бұл әсіресе біз секілді аймақ үшін оңай емес.

Мұнайдың арқасындағы молшылыққа үйреніп қалған мемлекет те, халық та жаңа жағдайда бұрынғы әдеттерден бас тартып, өзін-өзі шектеуі тиіс. Елбасы бұл өзгерістердің 90 жылдардағы реформаларға пара-пар екендігін бекер айтқан жоқ. Қазіргі жағдай үйреншікті әдетті де, әдепті де, дағды мен дәстүрді де қайта қарауды талап етеді.

Мұнай табысы мол кезде экономиканы әртараптандыруға тиісті көңіл бөлінбегенін ашық айту керек. Ендігі кезде экономиканы әртараптандыру мәселесі – ұлттық қауіпсіздік пен тәуелсіздіктің негізіне айналады.

Облыс экономикасының бір ғана салаға аса тәуелді құрылымын ескере отырып қабылданған аймақ дамуының стратегиясы дәл осы мақсатқа бағытталған. Дегенмен де, қазір аталған ұзақ мерзімді құжатқа өзгеріс енгізу қажеттілігі туды. Ол да қазіргі ахуалдың талабы.

Ең әуелі, мұнай саласы даму қарқынының төмендеуі өңірлік жалпы өнім көлемінің азаюына және жоспарларды іске асыру мерзімдерінің өзгеруіне алып келді.

Басқа аймақтардан кенже қалғандығымыздың орнын толтыру үшін өңірлік жалпы өнім өсімінің оптимистік болжамын 8 пайыз, ал пессимистік нұсқасын 4,4 пайыз деп жоспарлаған едік.

Алайда, біздің болжам бойынша, мұнай нарығында қалыптасқан жағдайға байланысты биылғы жылы өңірлік жалпы өнім көлемі өткен жылмен салыстырғанда 4,7 пайызға төмендейді.

Осы жағдайды және салалардың даму болжамын ескерсек, 3,3 пайыздық жылдық өсімнің өзі – біз үшін биік мақсат болмақшы. Жағдай күрделенсе, біз өсімді өткен жыл деңгейінде сақтап қалуға және ең болмағанда 0,2 пайызға өсіруге талпынамыз.

Оптимистік сценарийге сәйкес, 2020 жылға дейін республика бойынша жалпы ішкі өнімнің жыл сайынғы орташа өсімін 3,4 пайызға жеткізу мақсаты тұр.

Яғни, өңірдің дамуы енді орташа республикалық өсімнен жоғары болмайды деген сөз. Тығырықтан шығудың жалғыз жолы – облыс дамуына республикалық бюджеттен көбірек қаражат тарту, халықаралық қаржы ұйымдары мен мемлекеттік-жеке меншік әріптестік мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өңдеуші өндірісті дамыту амалдарын қарау. Бұл бағытта жұмыс жүріп жатыр.

Яғни, біздің стратегиялық басымдықтарымыз өзгеріссіз қалады, ал дағдарыс ол басымдықтардың дұрыстығын тек растап берді.

Бюджет тапшылығы жағдайында халықаралық қаржы ұйымдарының қаражатын тарту және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін пайдалану өңірді дамытудың бірден-бір жолына айналып келеді. Бұл жұмысқа стратегиялық басымдық беру қажет деп ойлаймыз.

Еңбек ресурстарының жаңартылған балансына қарасақ, сұранысы жоқ мамандардың саны азайған. Бұл – колледждерді қайта мамандандыру жұмысының нәтижесі. Сонымен бірге, техникалық мамандар мен жұмысшы кадрларға деген сұраныс артып келеді. Бұл – жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалардың жемісі.

Сондықтан экономикаға қажетті кадрларды дайындау да Стратегиядан көрініс табуы қажет басымдықтың бірі.

Біз енгізетін негізгі өзгерістер осы.

Әрине, қазіргі жағдай біздің осы күнгі жоспарларымызға да әсерін тигізбей қоймайды. Бірақ әуелі Облыс әкімінің 2015 жылға арналған Іс-қимыл жоспарының орындалуы туралы қысқаша ақпарат берейік.

Іс-қимыл жоспарын қабылдағанда негізгі міндет ретінде біз жұмыспен қамту және әлеуметтік тұрақтылықты сақтау, құрылымдық реформаларды жалғастыру мен елді мекендерді дамыту міндеттерін анықтаған болатынбыз.

Соның ішіндегі ең өзектісі – жұмыс орындарын сақтау мен әлеуметтік тұрақтылық. Әзірше бұл мәселелерді шешудің жолын тауып келеміз. Биылдың өзінде 10 мың 727 жұмыс орны құрылды, оның 8 мың 547-сі тұрақты жұмыс орны.

2014 жылдың ортасынан бастап мұнай бағасының арзандауы өндірістің төмендеуіне алып келді. Бұл жағдай, мұнай саласында қызмет етуші компаниялардың, соның ішінде әсіресе мұнай өндірісіне қызмет көрсететін мекемелердің жағдайын қиындатты. Біздің облыста бұл салада 29 мың адам жұмыс істейді (отбасына шақсақ, 145 мың адамның жағдайына ықпал етеді) деген сөз.

Биылғы жылы аталған жағдайдың кері әсерін «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында салынған тұрғын үй құрылысы мен елді мекендерді газдандыру бағдарламасының арқасында азайтуға мүмкіндік болды. Аталған бағдарламалар аясында көптеген жұмыс орындары ашылды.

Құрылымдық реформаларға келер болсақ, біздің өндірістік сектордың өсу қарқыны өзге өңірлермен салыстырғанда, жоғары көрсеткіштерге ие. Өздеріңіз білетіндей, біз жоспарлаған индустриялық жобаларымыздың ешқайсысы тоқтаған жоқ. Бірқатар жаңа жобалар жасақталып, қосылуда. Бүгінгі таңда біздің өндірістегі өңдеуші саланың үлесі 13 пайызға жетті. 2012 жылы бұл көрсеткіш 4,5 пайыз еді. Яғни, экономиканы әртараптандыруға бағытталған жұмыс оң әсерін беріп жатыр.

Дегенмен, күрделеніп бара жатқан экономикалық ахуал біздің бюджетке де кері әсерін тигізуде. Сондықтан тірек елді мекендерді қолдауға қосымша қаржы бөлу мүмкін болмады. Ал 2014-2015 жылдар аралығында тірек елді мекендерін дамытуға жалпы сомасы 5,4 миллиард теңге қаржы бөлінді.

Аумақтық даму бастамасы да біздің стратегиялық басымдықтар қатарында қалуы керек деп санаймыз.

Ерте ме, кеш пе дағдарыс бітеді. Экономика тұрақтанған кезде біз тірек елді мекендерді қолдауға облыстық бюджеттен қаражат беріп қана қоймай, ол жобалардың жүзеге асырылуын салалық және мемлекеттік бағдарламалар арқылы қолдауға да күш салуымыз керек.

Өздеріңізге белгілі, жоғарыда аталған негізгі басымдықтарды жүзеге асыру үшін арнайы іс-шаралар жоспары іске асырылуда. Бірінші жартыжылдықтағы республикалық бюджеттегі секвестрға байланысты біз іс-шаралар жоспарына кейбір түзетулер енгізуге мәжбүр болдық. Олардың барлығы дерлік жүзеге асты.

Төмендегі екі мәселені қоспағанда біз өзімізге алған міндеттемелерді толық орындап шықтық.

Біріншіден, біз «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автожолын жаңғыртуды жоспарлаған едік.

Алайда, мемлекеттік бюджетте қаражаттың жетіспеушілігіне байланысты бұл жоба кейінге шегерілді. Дегенмен, қиындықтарға қарамастан, бұл автожол қалай да жаңарады. Оған бір-екі жыл уақыт қажет.

Екіншіден, тірек елді мекендердегі полиция бекеті құрылысына жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жұмыстары қаражат тапшылығына байланысты жағдай оңалғанша кейінге шегерілді (Жанқожа батыр, Мәдениет, Ақжарма, Еңбекші, Түгіскен).

**Келесі жылға арналған ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ ең алдымен жаһандық дағдарыстың өңір экономикасы мен халықтың әлеуметтік жағдайына кері әсерін азайтуға бағытталған. Сондықтан да ол «Қызылорда облысы әкімінің 2016 жылға арналған дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспары» деп аталады.**

Жоғарыда айтылғандай, іс-қимыл жоспарының басымдықтары – 100 нақты қадамнан тұратын Ұлт Жоспарына, Президент Жолдауының басым бағыттарына, сондай-ақ, Елбасының осы жылдың 18 қарашасындағы Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде берген тапсырмаларына сәйкес анықталды. Сонымен қатар, мұнайдың әлемдегі баға нарығы да ескерілді. Осылардың негізінде 5 басымдылық анықталды. Енді солардың әрқайсысына жеке тоқталайын.

**Бірінші және ең маңызды міндет** – адамдарымыздың жаппай жұмыстан босауына жол бермеу және жаңа жұмыс орындарын ашу.

Біз биыл барлық ірі және орта кәсіпорындармен жұмыс орындары мен жұмысшылардың құқықтарын сақтау жөнінде меморандумға қол қойдық. Сол компаниялар өздеріне алған міндеттерді орындауға жауапкершілікпен қарайды деп сенеміз. Өз тарапымыздан аталған мәселелерге барынша қатаң бақылау жасап, осы жұмысқа барлық мүдделі органдарды қатыстырамыз. Бұл да уақыт талабы.

Сонымен қатар, экономика салаларында кемінде 9 мың тұрақты жұмыс орнын ашу жоспарланған.

Бұған қоса, біз Елбасы тапсырмасына сәйкес әзірленген жаңа «Жұмыспен қамту жол картасының» мүмкіндіктерін барынша пайдалануымыз қажет.

**Екінші басымдық** – бірінші кезекте қажетті тауарларға бағаларды алыпсатарлықпен өсуіне және тұрғындар үшін коммуналдық қызметтер тарифтерінің негізсіз өсуіне тосқауыл қою міндеті.

Бағаны қадағалау мәселесі ерекше бақылауға алынған. Қазіргі уақытта біздегі бағалардың өсуі республика бойынша орта көрсеткіштен сәл жоғары (14%, ҚР бойынша – 12,3%) болды. Бұл, негізінен азық-түлік емес тауарлар бағасы (25,4%) мен коммуналдық қызмет тарифтерінің (8,4%) өсуімен байланысты.

Электр энергиясын есепке алмағанда, біздегі тарифтер өзге өңірлермен салыстырғанда айтарлықтай төмен. Қазіргі уақытта желілерді жаңарту және кеңейту жұмысын бастадық. Бұған «Еуропалық қайта құру және даму банкінің» несиесі тартылды. Ол несие негізінен қуатты пайдаланушы мемлекеттік кәсіпорындар есебінен қайтарылады. Халық пен бизнеске салмақ түспейді. Негізгі ауыртпалықты бюджет өзіне алады.

Облыстағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының басым бөлігінің бағасы республикадағы орташа бағадан арзан (азық-түлік тауарлары: облыста – 109,4%, ҚР – 109,6%). Бұған негізінен тұрақтандыру қоры жұмысының (товарная интервенция) нәтижесінде қол жеткізілді. Аталған жұмыс жалғасады. Оған қажетті қаржылық ресурстар тұрақтандыру қорында бар.

Сонымен бірге, Елбасының Жолдауында инфляция деңгейі орташа мерзімді кезеңге 4%-ға дейін төмендету міндеті қойылған, сондықтан да біз қосымша шаралар кешенін әзірлеуіміз қажет. Тиісті тапсырма берілді.

**Үшінші басымдылық** – экономиканы әртараптандыруға, соның ішінде микробизнесті (шағын бизнесті) дамытуға бағытталған шаралар кешенін дайындап, оны жүзеге асыру.

Бізде 2014 жылдың қыркүйегінен өңдеу секторы үлесінің өсуі сақталуда.

Биыл Қызылорда қаласындағы үй құрылысы комбинатын салып бітіреміз. Шыны зауытының құрылысы жалғасады. Келесі жылы Арал қаласында салынатын кальцийленген сода өндіретін зауыт құрылысының жобасы әзірленуі қажет.

«Шалқия» қорғасын-мырыш кен орнын қалпына келтіру жұмыстары аяқталды. 2016 жылы тау-кен байыту комбинатының жобалық құжаттарын бекітіп, құрылыс жұмыстарын толыққанды бастауымыз қажет.

Сонымен қатар, ферроқорытпа зауытының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу жұмыстары аяқталуы тиіс.

2016 жылы болашақ кәсіпорынға арналған теміржол тұйығының құрылысын бастап, оны электрмен қамтамасыз етудің техникалық экономикалық негіздемелерін жасаймыз. «Баласауысқандық» ванадий кен орнын игеру жұмыстары жалғасын табады.

Сонымен бірге, машина құрылысы зауытын құру жобасын жалғастырамыз. Мұндағы негізгі міндет – инвесторды анықтау. 2016 жылы цемент, селикат кірпіші, асфальт-бетон өндіретін және су шығаратын зауыттар құрылысын бастау жоспарлануда. Жосалы кентінде жылына 100 мың тонна полипропилен өндіретін құрылыс зауытын салу үшін жер телімі берілді. Кәсіпорын 450 адамды жұмыспен қамтымақ. Аталған жобаны республикалық Индустриалды-инновациялық даму картасына қосу жөнінде өз ұсынысымызды жолдадық.

Қызылорда қаласы мен облыстың бес ауданында (Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Шиелі) индустриялық аймақтар құру жұмыстары аяқталып қалды.

Бірқатар аудандардағы индустриялық аймақтар ауылшаруашылығын дамыту және ауылшаруашылық өнімдерін өңдейтін кешендерге айналуы тиіс. Осы аймақтарда нақты жобаларды жүзеге асыру – алдағы жылға қойылған негізгі міндеттің бірі. Тиісті есептеріміз бар.

«Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы да өз жобаларын жүзеге асыруды жалғастырады.

Арал ауданы Қарашалаң ауылындағы балық шаруашылығына қызмет көрсету және дайындау орталығының құрылысын аяқтап, Қызылорда қаласында орналасқан Иркөл тоған шаруашылығын дамытуды жалғастырамыз.

Кәсіпкерлікті қолдау бағытында «Бизнестің жол картасы» мемлекеттік бағдарламасын іске асырумен бірге аймақтағы микробизнесті дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Аудандарда, сондай-ақ Қызылорда қаласы тұрғындарының арасында да «өз бетінше жұмыс істейтін» (самозанятые), ашығын айтқанда жұмыссыз адам аз емес. Сол азаматтарды кәсіппен айналысуға тарту қажет. Бұл жұмыссыздық мәселесін шешуге, азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға жаңа жол ашады.

Сондықтан микронесие беру арқылы шағын кәсіпкерлікті қолдауға 420 млн теңге (биылғы жылдың деңгейінде) жоспарлануда. Бұл мақсатқа қосымша қаражат бөлуге тырысамыз.

Бірақ бөлінген қаражатты орнымен, тиімді пайдалануға бақылауды күшейтуіміз қажет. Жосықсыз несие алушылар тізімі Бірінші кредиттік бюроға жолданады. Егер де кәсіпкерлік мақсатында алған несиені мақсатсыз, мысалы, той жасауға немесе басқаша жұмсаса, ондай адам бұдан былай еш жерден, ешбір банктен несие ала алмайды!

Ал адал несие алушылар алған ақшасын қайтарғаннан кейін, одан да ірі көлемде несие алуға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, кіші және орта бизнестегі қызметті заңдастыру да назардан тыс қалмауы қажет.

Кәсіпкерлікті жаңадан бастаушы кәсіпкерлерді қолдаудың қосымша шарасы ретінде облыста «Аймақтық инвестициялық орталық» құрылды. Бұл орталықтың міндеті, әсіресе, ауылдық жердегі шағын кәсіпкерлікті дамытуға барынша жағдай жасау. Аталған орталықтың қызметіне келесі жылғы бюджет жобасында 360 млн теңге қаржы қаралған.

Бұдан басқа «Ұлттық кәсіпкерлер палатасы» 300 млн теңге көлемінде «Аймақтық инвестициялық орталық» капиталына қатысатын болады, сондай-ақ қазақстандық ірі банктердің бірі – «Казкоммерцбанк» 100 млн теңге көлемінде мақсатты несие бөлуге ынта танытып отыр.

Сондай-ақ, «Даму» қорының бағдарламаларымен облыстық бюджеттен 500 млн. теңге бөлінеді, яғни шағын бизнесті несиелендіруге "Даму" қорынан бұрынғыдан екі есе көп, немесе 1 млрд теңге бөлінетін болды.

Осылайша 2016 жылы шағын кәсіпкерлікті, оның ішінде микробизнесті қолдауға 2,3 млрд теңге бағытталады. Бұл осы жылмен салыстырғанда, 3 есе артық.

Бұл жұмысқа «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы да атсалысады. Ол тұрмысы төмен ауыл тұрғындарына жеке кәсіп ашуға жалпы көлемі 50 млн теңге қайтарымсыз грант бөледі.

«Батыс Европа - Батыс Қытай» автомагистралінің бойында сервис кешендерін құруды жалғастырамыз. Кемінде тағы 4 нысан (Қызылорда қаласынан, Арал ауданы және Сырдария ауданынан) іске қосылады. Қазіргі жағдайда зәулім құрылыс пен астамшылыққа барудың қажеті жоқ болар.

Шығыс нақышын, өз бояуымызды сақтай отырып, келушіге тартымды, қарапайым кешен салу керек. Іші таза, ас-суы дәмді, адамы жылы шырайлы болса, қонақ та келеді, табыс та болады.

Облыстағы инвестициялық ахуалды жақсарту үшін арнайы Кеңес құрылады.

Ауыл шаруашылығын дамытуда басымдылық орта және ірі шаруашылықтарға берілетін болады.

Кәсіпкерлер палатасы және «Аймақтық инвестициялық орталықпен» бірлесе отырып, ауылшаруашылық кооперативтері мен сервистік дайындау орталықтарын ұйымдастыруға арналған шаралар кешені қолға алынады.

Субсидиялау енді тек техниканы жаңарту және күрделі құрылыс жүргізу секілді инвестициялық шығындарды өтеуге бағытталады.

Күріш кластерін дамыту аясында Жалағаш ауданындағы элеваторды жаңарту жалғасады. Өзіміздің тұқымдық дән қорын қалыптастыру үшін күріштің жоғары өнімді тұқымдарын сатып алу бастамасын қолдаймыз. Бұл алдағы уақытта дәннің сапасы мен астық өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді (орташа есеппен гектардан 60 центнер). Биыл біз өте жоғары өнім алдық – әр гектардан 50,5 центнерден, жалпы көлемі 423 мың тонна күріш жиналды. Тура осындай егістікте біздің 500 мың тоннадан аса өнім алатын шамамыз бар.

Етті мал шаруашылығын дамыту мақсатында Сырдария ауданындағы 3 мың бас ірі қараны бордақылау, жемдеу, семірту кешенінің құрылысын аяқтауымыз керек, сонымен қатар Қармақшы және Жаңақорған аудандарында 50 мың қой бордақылау базасын құрамыз. Жаңақорған ауданында жылына 7 мың тонна қозы етін өндіретін комбинат құрылысын бастаймыз.

Мал шаруашылығына арналған жем-шөп базасын құру мақсатында жемшөп өсіретін алқапты ұлғайту жұмыстарын жалғастырамыз. Дағдарысқа қарсы іс-шаралар жоспарының **төртінші басым бағыты** – инфрақұрылымды жаңарту мен дамыту, ең алдымен, коммуналды инфрақұрылымды дамыту болып табылады.

«Европалық қайта құру және даму банкінің» қаржыландыруымен Қызылорда қаласының коммуналды инфрақұрылымын толықтай жаңарту жобасының негізгі фазасына кірісеміз.

Мұндағы барлық коммуникация (жылу, су құбыры, электрлік) желілерінің 60-80 жылдары салынғаны өздеріңізге жақсы белгілі. Бүгінгі таңда олардың 60 пайызы әбден тозған (соңғы жылдары атқарылған барлық жұмыстарды қоса есептегеннің өзінде). Ал ескірген инженерлік инфрақұрылыммен индустрияны көтеру мүмкін емес.

Әсіресе, біз жоспарлаған металлургия өнеркәсібі, құрылыс материалдарын шығару, машина жасау және агроөнеркәсіп кешендерін дамыту секілді жобалар қуатты көп қажет ететінін естен шығармау керек.

Назар аударғым келетіні – жылу, су және электрмен қамтамасыз ету жобаларын қаржыландырудағы өз үлесімізді біз Үкімет гранттары есебінен жабуға мүмкіндік алдық. Бұл мақсатқа 3 млрд. теңге қарастырылды.

Алдағы жылы үлкен инфрақұрылымдық жобаны бастаудың қамына кірісеміз. Ол – қуаты 450 мегаваттық бу-газды электрстанциясының құрылысы.

Енді газдандыруға тоқталайық.

Биыл «ҚазТрансГазАймақ» акционерлік қоғамы ауыл тұрғындарының 30 пайызы тұратын 7 аудан орталығының төртеуіне газ құбырын тартуды аяқтады. Байқоңыр қаласын газбен қамту жұмыстары аяқталып қалды.

Енді бізге тұрғындармен тығыз жұмыс жасап, газды ішке кіргізу әр үйдің өз жұмысы екендігін байыппен түсіндіру қажет. Әрине, кейбір отбасына әлеуметтік қорғау қызметінің тізімі бойынша көмек көрсетуді де ойластырамыз. Келесі жылғы жоспарда газға әлі қосылмаған Қызылорда қаласындағы жеке үйлер мен Тереңөзек, Жалағаш, Жосалы, Төретам, Ақай, Сексеуіл, Қарауылтөбе, Белкөл, Жақсықылыш, Талсуат елді мекендерін газбен қамту жұмыстары бар.

Бірақ, осы жобаға жауапты ұлттық оператор оны жүзеге асыруға қажетті қаражат таба алмай отыр (ол 16,7 млрд теңгені құрайды). Дағдарыс ең тұрақты деген компанияларға да өз әсерін тигізуде. Осы ретте, біз халықаралық қаржы институттарымен бірлесіп, «ҚазТрансГазАймаққа» несие бергізу жолдарын қараудамыз. Бұл мәселе де өз шешімін табады деп сенеміз.

Қызылорда қаласын жерасты суына көшіру жұмыстары аяқталды. Соның арқасында 270 мыңнан аса қала тұрғыны сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді.

2016 жылы «Нұрлы Жол» бағдарламасы есебінен Қазалы, Арал, Қармақшы, Жаңақорған аудандарын ауыз сумен қамтамасыз ету нысандарын салу жоспарлануда. Сонымен қатар, Қызылорда қаласында магистральды және жылуаралық желілерін қайта құруға арналған 7 жоба іске асады.

«Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік» негізінде Сырдария ауданының тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету және су жүйесін кеңейту жұмыстары жоспарланды.

Концессиялық негізде Қызылорда қаласындағы әуежайдың жолаушылар терминалын салуды жалғастырамыз. Бұл жобаны республикалық «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығымен» бірлесіп жүргізудеміз. Өкінішке орай, «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы жобаны қаржыландыру бойынша міндеттерін орындай алмады.

Облыстағы құрылыс қарқыны жоғары екендігін білесіздер. Сол қарқынды сақтап қалу – маңызды міндеттің бірі. Ол үшін Қазақстан ипотекалық компаниясы және «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қорымен бірге белсенді жұмыс жасаудамыз.

Осы жылы барлық қаржы көздері есебінен жалпы көлемі 330 мың шаршы метр тұрғын үй берілді. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,5 есе артық.

Жұмыстың **бесінші аса маңызды бағыты** – халықаралық қаржы ұйымдары мен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік арқылы өңірдің дамуына инвестиция тарту.

Бүгін біздің қолымызда жалпы құны 300 млрд. теңгені құрайтын 18 жоба бар. Оның бірсыпырасы жоғарыда аталды.

Одан басқа «Европалық қайта құру және даму банкімен» бірлесе отырып, Шиелі, Жаңақорған аудандары мен Қызылорда қаласының шеткі аймақтарындағы электр желілерін, облыс орталығын жарықтандыру жүйесін жаңарту, Әйтеке би кентінде қуаты 35 мегаватқа дейінгі газ-турбиналық жылу-электр стансасын салу, сондай-ақ, қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу және Қызылорда қаласындағы автобус деposының құрылысын аяқтау жобалары бар.

Қаржы министрлігі сырттан қарыз алуға шектеу қойғанына қарамастан, ирригация жүйесін қалпына келтіру жобасы бойынша «Ислам даму банкімен» жұмысты жалғастыру қажет.

Өкінішке орай, «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу» жобасының екінші кезеңінің басталуы Өзбекстан тарапына байланысты созылып кетті. Сондықтан біз Дүниежүзілік Банк және өзіміздің орталық атқарушы органдармен тікелей жұмыс істеп, осы жобаға қатысты жұмысты жандандыруға тиіспіз. Қаңтар айында ратификацияға шығуымыз қажет.

Республикалық «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығымен» серіктестік байланысымыз нығаюы қажет. Соның арқасында алдағы жылы апатты мектептердің орнына мектеп салуды жалғастыру және Қызылорда қаласында 500 ауысымға шақталған емхана құрылысын салу жобасын іске асыру жоспарланған.

Аталған 5 бағыт – 2016 жылға арналған облыс әкімінің дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспарының өзегі.

Әрине, әлеуметтік-экономикалық дамудың басқа да бағыттары бойынша жұмыстар жалғасын табады. Әлеуметтік дамуға келер болсақ, заңда қарастырылған барлық әлеуметтік төлемдер толықтай және тиісті мерзімде қамтамасыз етіледі. Бұл – Елбасының тапсырмасы.

Сонымен бірге, Жалпыға ортақ еңбек қоғамы идеясы мен құндылықтарын насихаттау және оларды өмірге енгізу жалғасады.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Жұмыспен қамту Жол картасы» бағдарламасына қатысатын әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға қаржылық көмек көрсету жүйесі іске қосылады.

Сонымен қатар, Елбасының тапсырмасына сәйкес, азаматтық сала қызметкерлерінің жалақысы 7-ден 40 пайызға дейін көтеріледі. Олардың қатарында: білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және басқа да бюджеттік сала қызметкерлері бар.

Білім беру саласындағы ең маңызды міндет – апатты мектептердің мәселесін шешу болмақ. 2013 жылы облыста 36 апатты мектеп болса, 2 жылда соның 23-ін жаңадан салып шықтық. Тағы екі мектептің құрылысы 2016 жылы аяқталады. Құрылыс талап ететін 11 мектеп қалып тұр. Қазіргі жағдайда оған бюджеттен қаражат бөле алмаймыз. Сондықтан, бұл мәселені мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы шешеміз. 2016 жылы осы 11 мектептің құрылысын бастауымыз керек.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік келісім шартында аталған жобалар аясында жұмысқа тартылатын тек жергілікті құрылыс компаниялары болатынын көрсеттік.

Білім сапасын көтеру бағытындағы жұмыс та жалғасады. Жоспарлағанымыздай, Сыр өңірі «Балапан» бағдарламасын мерзімінен бұрын аяқтады. Елбасының тапсырмасына сәйкес 3-6 жас аралығындағы балалар біздің облыста мектепке дейінгі тәрбиемен толық қамтылған. Енді 3 жасқа дейінгі балалар үшін орын ашуға көңіл бөлуіміз қажет.

Түлектеріміздің Қазақстан және Ресейдің алдыңғы қатарлы инженерлік жоғары оқу орындарында білім алуына жағдай жасау жалғасады. Қазір Мәскеу мен Санкт-Петербургтің университеттерінде 321 баламыз оқуда.

Келер жылы Сыр елінің тағы 200 түлегі «Мәскеу болат және қорытпалар институты», «Санкт-Петербург өсімдік полимерлері технологиялық университеті», «Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университеті» және «Губкин атындағы Ресей мұнай және газ» университетінде оқуға мүмкіндік алады. Аталмыш студенттердің оқу ақысы Ресей Үкіметі берген гранттарының есебінен төленіп жатыр. Ол үшін біз ресейлік достарымыз бен әріптестерімізге шынайы ризашылық білдіреміз.

Бұл балалар – өңірімізді алға бастайтын, облыстың болашақ элитасы. Облыстың болашағы қазір жер-жерде білім алып жатқан балаларымыздың қолында. Енді екі-үш жылда олар келіп ортаға қосылады. Жақында Ресейде болған сапарымда балалармен арнайы барып кездестім. Оларға барлығымыз үлкен үміт артып отырғанымызды жеткіздім.

Білім берудің дуалды технологиясын енгізуді тағы 10 колледжде жалғастырамыз. 2017 жылы аймақтағы 32 мемлекеттік колледждің 20-сы осындай үлгіде жұмыс істейтін болады.

«Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығымен» бірлесіп, Қызылорда қаласында 200 орындық жатақханасы бар 600 орындық кәсіптік-техникалық лицей құрылысын салу жобасын жүзеге асырудамыз. Концессиялық ұсыныс жасалды. Алдағы жылы бұл жобаның инвесторы анықталуы қажет.

Осы ретте, кәсіби білігі жоғары жұмысшы кадрларды дайындайтын Орталықты бірлесіп құратын әріптесті анықтап алуымыз керек. Елбасы өзінің Жолдауында Германия, Канада, Австралия және Сингапур секілді елдердің тәжірибесіне назар аудару қажеттігін ескертті. Осы елдердің алдыңғы қатарлы оқыту орталықтарының бірімен әріптестік орнатуымыз қажет.

Денсаулық сақтау саласындағы шешімін таппаған күрделі мәселелердің қатарында ана өлімі тұр.

Бұл бағыттағы «Денсаулық сақтауды дамытудың жол картасына» енген іс-шаралардың барлығы жүзеге асты. Қажетті қаражат толықтай бөлінді. Алдыңғы жылы бір ғана әйел өлімі тіркеліп, жағдай оңала бастаған еді. Алайда, осы жылы 6 әйелден айырылдық. Оның 5-і экстрагениталдық патология салдарынан қайтыс болған. Басқа сөзбен айтқанда, жүктілік созылмалы ауруды асқындырып, әйелдердің қайтыс болуына әкелді.

Осыған байланысты, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі мен республикалық акушерлік және гинекология институтымен бірлесіп, қосымша шаралар кешені жасалды. Барлық аудандық орталық ауруханалар кардиостандарттармен, холтер-мониторлармен, тредмил-тестілермен және УЗИ аппараттарымен жабдықталады. Бұл бала көтеру қабілеті бар жастағы әйелдердің жүрек-қан тамыры ауруларын ерте кезде анықтап, асқынудың алдын алуға мүмкіндік береді.

«Мен мұндалап» тұрған тағы бір мәселе – аймақтық онкологиялық орталықтағы жағдайдың талаптарға сай еместігі.

2012 жылы мамандандырылған онкологиялық аурухана құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу басталды. Жоба құны – 7-8 млрд. теңге шамасында.

Қазіргі жағдайда мұндай қаржыны табу өте қиын. Мәселені шешпесек, тағы болмайды. Сондықтан, облыстық медициналық орталық негізіндегі онкоорталыққа қосымша бөлмелер бөлініп, барлық қажетті құрал-жабдықтар алынатын болады.

Жақында, 27 қарашада Мәскеуде өткен Үкіметаралық комиссия отырысында Байқоңыр қаласындағы перзентхана негізінде облыстық медицина орталығының солтүстік аудандарға жауапты филиалын ашу мәселесі ақыры шешілді.

«Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығымен» орнатылған әріптестік пен осы жылы құрылған Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің филиалын дамыту жұмысы жалғасады.

Осы жылы Қызылорда филиалының интернатурасында 44 маман дайындықтан өтуде, ал келесі жылы кәсіптік даярлықтан тағы 100 интерн өтеді.

Сондай-ақ, Қызылорда қаласындағы 200 орындық көпсалалы балалар ауруханасының, Жаңақорған кентіндегі 250 адам қабылдайтын аудандық емхана, Түгіскен елді мекеніндегі амбулатория құрылыстары аяқталады.

Кез келген қоғам дамуының басты алғышарты – қоғамдық-саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім мен азаматтық ынтымақ. Қоғамының этникалық, мәдени және діни әралуандылығын осалдық емес артықшылыққа айналдыра білген тәуелсіз Қазақстан бейбітшілік пен тұрақтылықты «көздің қарашығындай» сақтап келеді. Шын мәнінде, бұл – біздің басты байлығымыз.

Биыл Елбасының бастамасымен Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында «Үлкен ел – үлкен отбасы» атты жалпыұлттық жобасы қолға алынды. Елдік ұстаным, тарихи жауапкершілік ұғымдарымен етене таныс біздің өңір бұл жобаға белсене қатысуы тиіс. Бұйыртса, бірер күнде Өздеріңіздің қолдауларыңызбен дүниеге келген «Достық үйі» есігін ашады. Достық пен қоғамдық келісімнің Қызылорда төріндегі осынау ошағы – Сыр еліндегі ынтымақ пен бірліктің, жасампаз еңбектің, жарасымды тірліктің ордасына айналады деп сенеміз.

Еліміздің құндылықтарын сақтау, оларды ертеңгі күнге жалғау – қазіргі жастардың міндеті. Сондықтан, жастарды елдік мұрат пен мақсатқа жұмылдыру бағытындағы жұмыс күн тәртібінен түспейді, келесі жылы да басым бағыттың бірі ретінде жалғасады. Әсіресе, не оқуда, не жұмыста жоқ, айналасына наразы жастармен жұмыс жандана түсуі тиіс.

Осы ретте жастардың өз бастамаларына, жастар ортасымен жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдарға қолдау көрсетіледі.

Ұлт жоспарының маңызды бір тармағы – мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби корпусын қалыптастыруды және сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейтуді көздейді.

Дүние жүзі мен төңіректегі саяси ахуалдың күрделенуін ескерсек, мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі де ерекше көңіл бөлуді талап етеді.

Ұлт жоспары аясында, келесі жылдың басынан Ішкі істер департаменті бөлімшелерінің негізінде әкімдер мен мәслихатқа бағынышты муниципальды полиция қызметі құрылады. Ондай жаңа құрылымның тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін біз жергілікті полицияның қоғаммен тығыз әрекеттесуіне жағдай жасауымыз қажет. Кез келген қоғамдық тәртіп бұзушылыққа төзім болмайтын көпшілік мәдениет қалыптасуы керек.

**АУМАҚТЫҚ ДАМУ** мәселелеріне келсек, әсіресе, облыс орталығын қарқынды дамыту жалғасады. Қалада мемлекеттік бюджет есебінен 1 мың 580 пәтерлік 38 көпқабатты тұрғын үй құрылысы жүргізіледі. Осы жылы (10 айда) 940 пәтерлік 18 үй берілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2 есеге артық.

Сұлтан Бейбарыс көшесінен сол жағалауға салынып жатқан көпірге дейін айналма жол саламыз.

Аталған көпірдің құрылысы жалғасады және қаланың сол жағалауындағы көшелер құрылысына қажетті құжаттар әзірленеді. Су, жылу және жарықпен қамтамасыз етудің техникалық экономикалық негіздемесі дайын деуге болады (мемлекеттік сараптамада). Бұл жоба бойынша «Азия даму банкімен» үкіметтік қарыз қаржы (займ) тарту бағытындағы жұмыстар жалғасады.

Қармақшы және Жалағаш аудандарын дамытудың жол картасын іске асыруды жалғастырамыз.

Қармақшы ауданының салық базасын кеңейту мақсатында «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы тауық еті мен мия тамырын өңдеу зауыттарын салу жобасын іске асырады. Қосымша жұмыс орындарын құру мақсатында Төретам кентінде индустриалды-туристік аймақ құрылады.

Байқоңыр қаласы – бұрынғыдан да мұқият қарауды талап ететін ерекше мәселеге айналып келеді. Қала кәсіпорындарындағы жұмыс орындарының қысқаруы (оның ішінде біздің азаматтарымыз) және Ресей тарапынан қалаға бөлінетін ақшаның азаюы жағдайды ушықтырып жіберді.

Дәл қазір тіректі елді мекендерді дамытуға бұрынғыдай қаражат бөле алмаймыз. Бірақ, тіректі елді мекендер біз үшін Стратегиялық басымдықтардың бірі болып қала береді.

Жергілікті өзін-өзі басқару тетіктерін дамыту жұмысы да жалғасын табады.

Енді бюджет жайлы.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Көрпеге қарай көсілу» – жаһандық дағдарыс кезіндегі ең дұрыс жеке ұстаным, әрі бюджет саясатының оңтайлы моделі екендігін айтты.

Келесі жылға арналған облыс бюджетінің жобасы жан-жақты есептеліп, мұқият дайындалды. Экономикалық ахуал күрт төмендемесе, барлық жоспарланған шығыстар қамтамасыз етілуі тиіс.

Бюджетте көрініс тапқан басымдықтар – дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспарындағы мақсат-міндеттерге сәйкес жасақталды.

Айта кету керек, келесі жылға арналған облыс бюджеті өткен жылмен салыстырғанда, бар болғаны 7,4 пайызға кем. Күрделі шығыстар 45 пайызға қысқарды.

Дағдарыс жағдайындағы бюджет болғандықтан Үкімет жаңа құрылыс салуға мораторий жариялады.

Сондықтан біз тек қана мемлекеттік-жекеменшік әріптестік пен халықаралық қаржы ұйымдарының несиелеріне сенім артамыз.

Сондай-ақ, «Үкімет пен Ұлттық банктің дағдарысқа қарсы бірлескен іс-қимыл жоспары» аясында да қосымша қаржы алуға талпынамыз.

Облыстық мәслихат депутаттары қалыптасқан жағдайды дұрыс бағалайды дегенге сенеміз.

Қорыта келе, халықты жұмыспен қамту – келесі жылы да біздің негізгі міндетіміз болып қалатынын тағы бір атап өткім келеді. Әр адамға жұмыс, яғни тұрақты табыс көзі қажет. Азаматтардың өзіне және мемлекетке деген сенімі істеп жүрген жұмысына тәуелді. Түптеп келгенде, қоғамның тұрақтылығы мен мемлекеттің қауіпсіздігі де сол жұмысқа байланысты. Сондықтан бірде-бір жауапты адам бұл мәселеге атүсті қарамауы тиіс.

Келесі жылдың іс-қимыл жоспарын ашық талқыға салып және оны жариялау арқылы, біз саналы түрде өз қызметімізді қоғамдық бақылауға қоямыз.

Өздеріңіз білетіндей, келесі жылдан бастап мұндай бақылаудың рөлі едәуір артады. Президент тапсырмасымен орталықтан бастап ауданға дейінгі жергілікті деңгейде құрылатын «Қоғамдық кеңестер туралы» Заң қабылданды. Біздің міндетіміз – бұл бастамаға жан-жақты қолдау көрсету. Ауылдық деңгейдегі қоғамдық кеңестің қызметі жергілікті қауымдастыққа жүктелетін болады.

Олардың негізгі мақсаты – қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша стратегиялық жоспардың, аумақтық даму бағдарламасының және бюджеттің орындалуын талқылау арқылы көпшіліктің пікірін ескеру, азаматтық қоғамның рөлін арттыру.

Мұның барлығы халық алдындағы жауапты мемлекет қалыптастыру бағытындағы маңызды қадамдар.

Сөзімді қорыта келе, Сіздердің назарларыңызды 2016 жылдың Іс-қимыл жоспарында айқындалған негізгі басымдықтарға тағы бір аударғым келеді. Олар:

халықтың жаппай жұмыстан босатылуына жол бермеу және жаңа жұмыс орындарын ашу;

бірінші кезекте қажетті тауарлаға бағалардың алыпсатарлықпен өсуіне және тұрғындар үшін коммуналдық қызмет тарифтерінің негізсіз көтерілуіне тосқауыл қою;

экономиканы әртараптандыруға бағытталған шаралар кешенін дайындап, оның жүзеге асыру, соның ішінде микробизнесті дамытуға айрықша назар аудару;

инфрақұрылымды, соның ішінде коммуналдық инфрақұрылымды дамыту және жаңарту;

халықаралық қаржы ұйымдары мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы өңір экономикасына инвестиция тарту.

Дағдарыстың салдарына қарамастан, біз жария еткен бірде-бір бастамадан тартынбадық, халыққа барынша демеу жасап, бағаның көтерілуіне тосқауыл қойып, жаңа жұмыс орындарын ашуға күш салудамыз.

Сырттан соққан экономикалық дауылға төтеп беру және дәулетімізді одан әрі дамыту міндеттерін ұштастырып, қатар алып келеміз.

Нәтижесінде 2015 жылы да жоғалтқанымыз жоқтың қасы, табысымыз толағай деуге әбден болады. Ол туралы жоғарыда егжей-тегжей айтылды.

Қазан айында аймақта іссапарымен болған Елбасы да өзінің оң бағасын берді, жаңа міндеттер қойды.

Ғаламды шарпыған дағдарыстың соққыларынан қорғана жүріп, елді елеңдеткен мерейлі мерекелерді де назардан тыс қалдырмадық. Ата заңымыз бен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын, Қазақ хандығының 550 жылдығын, Мұстафа Шоқай мен Нартай Бекежановтың 125 жылдығын және басқа да мерейлі шараларды өз дәрежесінде атап өттік. Сол арқылы облыс пен аудан-қалаларымызды көтерген аға буынға құрмет көрсетіп, өлкенің мерейін асырдық.

Осының барлығы Сыр елі халқының жасампаз болмысы, ақ ниеті және береке мен бірлікте жасаған еңбегінің нәтижесі.

Алаштың анасы атанған Сыр елінің жұрты, өтпелі кезеңдегі өткінші қиындықтарға сыр бермеуі керек.

Барлықтарыңызды келе жатқан мереке – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік Күнімен құттықтаймын!

«НҰР ОТАН»

## ТІКЕЛЕЙ ЖЕЛІДЕ ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШТЕРІ ТЫҢДАЛДЫ

**Бейсенбіде «Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалының қоғамдық қабылдауында облыстық мәслихаттағы партия фракциясының мүшесі, «Ұлт денсаулығы» бағыты бойынша аймақтық тәлімгер Асылбек Тоғызбаевтың қатысуымен «тікелей желі» өтті.**

Тікелей желіде сарапшы топ жетекшісі аймақ тұрғындарының сауалдарына скайп және телефон арқылы жауап берді.

Алғаш болып қоңырау шалған Қазалы ауданы Майдакөл ауылының тұрғыны тіс дәрігері Аралбай Мәмбетжанов ауылда 2009 жылдан бастап амбулаторлық емхана ішіндегі стоматологиялық кабинеттің жабылып қалғанын, 2014 жылы тіс кабинетін қайта ашу туралы сол кездегі сала басшысының ұйғарымы шыққанымен, осы күнге дейін жолға қойылмағанын айтып, бұл мәселе өз шешімін тапса деген өтінішін жеткізді.

Ал шиелілік көп балалы ана Жансая Әбілқасымова ағымдағы жылдың қазан айында шала туылған сәбиінің туабітті көз ақауының бар екенін, осыған орай аудандық, облыстық деңгейде қажетті кеңес алғанын айтып енді Астанаға барып қаралуға көмек сұрады. Мәслихат депутаты Асылбек Тоқмырзаұлы Астанадағы Алматы көз аурулары ғылыми-зерттеу институты филиалының басшылығымен сөйлесіп, тегін кеңес беруге, зерттеу жүргізуге және қажет деп тапқан жағдайда ота жасауға келісілгенін айтып, Жансая Әбілқасымоваға бағыт-бағдар берді.

Сарапшы топ жетекшісіне скайп арқылы байланысқа шыққан Арал ауданы, Жақсықылыш кентінің тұрғыны Сматулла Кішкенебаев кентте 2006 жылы типтік жобамен салынып, 2007 жылы пайдалануға берілген екі қабатты дәрігерлік емхананың жұмыс жасайтынын жеткізе келіп, онда үш жоғары білімді дәрігердің қызмет ететіні, алайда біреуі бала күтіміне байланысты демалыста отырғанын, қалған екі дәрігердің аудан орталығынан қатынап қызмет жасайтынын айтты. Ал бұл өз кезегінде кент тұрғындарының жедел шақыруы кезінде науқас жанынан табылуға кедергісін тигізуде. Дәрігердің рұқсатынсыз аймақтық медбикелер ештеңе жасай алмайды. Осыған байланысты Сматулла Кішкенебаев «ауыл тұрғындарына кентте тұрақты тұратын дәрігер мен емханаға қарауыл қажет» деген ауылдастарының өтінішін жеткізді. Сматулланың өтінішіне байланысты мәслихат депутаты бұл аудан әкімдігінің тарапынан шешілуі тиіс мәселе екенін, мамандарды баспанамен қамтып, әлеуметтік жағдай жасау жергілікті әкімдікке қарайтынын, сондықтан аудан әкімдігіне аталған мәселе хабарланатынын айтты.

Сондай-ақ, тікелей желі аясында Қызылорда қаласы тұрғындары тарапынан бір емханадан екінші емханаға ауысу, портал арқылы ауруханаға жату тәртібін сұраған және алдағы жылдары енгізіледі деп күтілген міндетті медициналық сақтандыруға қатысты сауалдар келіп түсті. Олардың барлығына сарапшы топ жетекшісі тарапынан тұшымды жауаптар берілді. Тікелей желі барысында барлығы 19 өтініш тыңдалды.

Жалпы, партияның облыстық филиалының қоғамдық қабылдауында денсаулық сақтау саласы мамандары жыл басынан бері 11 қабылдау жүргізген.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

КОНФЕРЕНЦИЯ

## ҚАТЕРЛІ ДЕРТТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталық мамандарының қатысуымен жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған «АИТВ/ЖИТС-тің өзекті мәселелері» тақырыбында баспасөз мәслихаты өтті.**

«Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында ағымдағы жылдың 10-қарашасы мен 10-желтоқсан аралығы Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес науқаны болып жарияланған. Кампания тұрғындардың, әсіресе, жастардың, мінез-құлқы қатерлі топ өкілдерінің арасында АИТВ инфекциясының таралуын тежеу, АИТВ жұқтырғандарды қудалау, алалау, таңба басу сияқты келеңсіз әрекеттерге және гендерлік зорлық-зомбылыққа ұшырауына жол бермеу, АИТВ-ның анадан балаға берілуін болдырмау, АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың 90 пайызының өз статусын білуі, емді қажет ететін жұқтырғандардың 90 пайызының АРТ емін қабылдауы, ем қабылдайтындардың 90 пайызында вирустық жүктеменің төмендеуі сияқты мақсатты көздейді.

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы АИТВ/ЖИТС-тің алдын алу, сақтану шараларын жастар мен жасөспірімдер, жалпы тұрғындар арасында кеңінен насихаттау мақсатында ұйымдастырылған жиында сала мамандары аталған аурудың аймақтағы ахуалына тоқталып, аурумен күресте атқарылған жұмыстарын баяндады.

Мәліметтерге сүйенсек, бүгінгі күні республика бойынша өсу үрдісімен алғанда ВИЧ жұқтырып тіркелгендер саны 24269 адамды құрап отыр. Облыста ВИЧ/СПИД оқиғасы анықталған сәттен бері 87 адам тіркелген. Үстіміздегі жылдың 11 айында 12 адамнан АИТВ жұқпасы анықталған. Оның тоғызы, яғни, 77 пайызы ер адам болса, үшеуі әйел, оның екеуі жүкті әйел болып отыр. Жұғу жолдары бойынша тіркелгендердің сегізі жыныстық қатынас арқылы болса, үшеуі иньекциялық есірткі тұтынушы екен. Былтыр бұл көрсеткіш, яғни, тіркелгендер саны 14-ті құраған. Бүгінде диспансерлік есепте 62 науқас тұрса, олардың 22-сі АРТ емін қабылдауда.

Баспасөз мәслихатын жүргізуші бас дәрігердің орынбасары Қанат Шушаевтың айтуынша, бүгінде бұл індет медициналық мәселер қатарынан шығып, экономикалық-әлеуметтік проблемаға айналған. Осы орайда қатерлі кеселге қарсы тұру үшін зиянды әрекеттерден аулақ болып, салауатты өмір салтын ұстанудың маңызы зор және аурудың таралуын шектеуге көп болып жұмыла жұмыс жасау керек. Осы орайда сала мамандары тұрғындар арасында ақпараттық-насихаттық жұмыстарды жан-жақты жүргізіп, қажетті әдістемелік құралдарды көптеп шығаруға қаржының тапшы болып жататынын айтады.

Орталықта «Достық» кабинеті, сенім пункттері жүйелі жұмыс жасайды. Мамандардың біліктілігін көтеру де жүйелі жолға қойылған. Бұл өз кезегінде науқастармен нәтижелі жұмыс жасауға, аурудың кең көлемде таралмауына ықпал етуде.

Баспасөз мәслихаты барысында тілшілердің сұрағына орталық қызметкерлері, атап айтқанда, «Достық» кабинетінің дәрігері Әлия Исмаилова, «Сенім пунктінің» дәрігер-эпидемиологы Гүлзина Айтмағанбетова, емдік көмек бөлімінің меңгерушісі Шолпан Өтегенова тұшымды жауап берді.

**А.СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ.**

ПАРЫЗ

## САРБАЗДАР САРЫАРҚАҒА АТТАНДЫ

Қастерлі Отан-Ананы қорғау ең асқақ парыз, абыройлы міндет екенін жас сарбаздар жақсы біледі. Осы орайда Қызылорда облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің саптық алаңында азаматтарды әскерге шығарып салу шарасы болып өтті. Оған «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мақсұт Баекеев, облыстық «Ауған соғысының ардагерлері мен мүгедектерінің кеңесі» қоғамдық бірлестігінің мүшесі, Ауған соғысының ардагері Серік Тәшімбетов, облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының бірінші орынбасары Марат Сүлеев және сарбаздардың ата-аналары мен туған-туыстары қатысты.

Шарада ел ағалары жастарға артылып отырған үлкен жауапкершілікті абыройлы атқарып, елге аман-есен оралуларына тілектестік білдірді. Ал департамент бастығының бірінші орынбасары Марат Сүлеев әскери өмір жастарды отансүйгіштікке, жауапкершілікке үйрететін болады. Қазақ халқы –батыр ел. Сендер де ата-бабаларың секілді Отандарыңды найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап, ел тыныштығын қас қақпай күзетулерің керек. Сондай-ақ, азаматтардың құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету мен қылмысқа қарсы күрес жүргізу міндеттері де жүктеледі,- деді.

Сонымен қатар әскерге шақырылушылардың ата-аналарының атынан сөз алған Сәуле Әбілдаева ұлының үлкен өмірге қадам басып, азаматтық парызын өтеуге кетіп бара жатқандығын қуанышпен жеткізді. Және де барлық сарбаздарға жылы лебізін арнады.

Бұл жолы 50 сарбаз Қарағанды облысының 6505 әскери бөліміне аттанды. Сонда өздерінің Отан алдындағы борыштарын өтеп қайтатын болады.

Шара соңы концерттік бағдарламаға ұласып, онда сарбаздардың рухын көтеру мақсатында патриоттық әндер шырқалды.

**Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.**

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы мемлекет және қоғам қайраткері, халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері **Әбіш Кекілбаевтың** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады».

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

## ДАЛА, СЕНІҢ ҰЛЫҢМЫН

**Бейсенбі күні Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде ақын, КСРО Жазушылар Одағының мүшесі Жарасқан Әбдірашевтің шығармашылығына арналған әдеби кеш өтті. Оған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев және Ұлықбек Есдәулетов, Көпен Әмірбек, Қуандық Түменбай, Ақұштап Бақтыгереева сынды ақын-жазушылар, сондай-ақ ақынның әулеті мен оқырмандар қатысты.**





Жалпы, Әбдіраштың Жарасқаны 1970 жылдары қазақ поэзиясына өзіндік үн, ерекшелігімен келген ақын. Оның шығармашылығына Зейнолла Қабдолов, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза-Әлі, Әбіш Кекілбаев, Бақытжан Майтанов сынды қазақ әдебиетінің бір-бір қабырғалары жылы қабақ танытып, жоғары бағалаған. Оның «Ақ қайран», «Найзағайлы жаз», «Саяхат, «Дала сенің ұлыңмын», «Соғыстан соң туғандар», «Перзент парызы», «Сана соқпағы» секілді өлеңдер мен поэма жинақтары әдебиетіміздің үлкен қазынасы.

Сонымен, жыр кешінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Аралдың жағасынан қанат қағып, қазақ әдебиетінің ақиық ақынына айналған Жарасқан Әбдірашев жайлы толғанып, жүрекжарды сөздерін арнады.

– «Тұңғыш кітап» деп аталатын алғашқы жыр жинағымен-ақ әдебиетсүйер қауымның қызу қошеметіне бөленген талантты тұлға қырықжылдық шығармашылық ғұмырында артына өшпеспей мұра қалдырды. Жарасқан ақын өмірінің соңында жариялаған жыр жинағын «Құлпытас» деп тегін атамаса керек. Айтса айтқандай, ол асыл сөзден өзіне ескерткіш сомдаған дауылпаз ақынға айналды. Ол талантты ақын ғана емес, білгір сыншы, шебер аудармашы да еді. Шетел ақындарының шығармаларын қазақ тілінде сөйлетсе, өзінің өлеңдері де бірнеше тілге аударылды. Қазақ өнерінің көгіне жарық жұлдыздай жарқырап шыққан Жәкең аз ғұмырында халқына өнімді қызмет етті. Оның мәдени мұрасын зерттеп-зерделеу, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу бүгінде жалғасын тауып отыр. Нағыз кемел шағында өмірден озған қалам иесінің мәңгі шығармашылық ғұмыры сүйген халқының рухани азығы болып, мәңгі жасайтыны айдан анық. Бүгінгі кеш – соның көрінісі. Сондай-ақ, Арал қаласындағы жаңадан ашылған мектепке Жарасқан Әбдірашевтің аты беріліп, ескерткіші ашылады. Ақынға деген құрмет мұнымен тоқтап қалмайды, кейін де жалғаса береді, – деді аймақ басшысы.

Сонымен бірге, қазақтың ақын қызы Ақұштап Бақтыгереева да ақын туралы ақтарылды.

– Жарасқандай ұлдарды тудырған Сыр топырағы – киелі топырақ. Сондықтан, ақын ұлын еске алып, тектілігін танытып жатқан елге мың алғыс айтамын. Осындай әдебиетсүйер қауым барда ақындар өлмейді. Ал ақынның ұрпағын, оқырманын жинаған бүгінгі кеш – поэзия кеші, өнер кеші, руханият кеші. Бұл жастарды отансүйгіштікке, парасаттылыққа тәрбиелейді, – деді ақын.

Ал ақын Ұлықбек Есдәулет көпшілікке замандасы Жарасқан Әбдірашевтің өмірі өнегеге толы екенін айтты.

– Қазақтың ұлы ақыны Жарасқан Әбдірашұлы – Сыр сүлейлерінің заңды һәм саңлақ жалғасы. Ол – қазақ поэзиясының бір көшін бастаған көшбасшы. Оның әдебиетке қосқан үлесі ұшан-теңіз. Мәселен, эпиграмманың ұлттық әдебиетімізде жанр ретінде тамыр жаюына Жәкеңнің сіңірген еңбегі зор. Жалпы, Жәкең жалғандыққа жаны қас адам еді. Ол ұйқас қуған, өлеңінің мағынасы жоқ ақынсымақтарды аямай сынайтын. Сонысы үшін де талай жерде таяқ жеді. Алайын деп тұрған мемлекеттік сыйлықтан қағылды. Бірақ ол өнеріне адал болды. 1970 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетіне шыққан мақалада «қазір жас буын жоқ» деген сын айтылып еді. Сол кезде Жәкең маған келіп және басқа ақындардың басын қосып, «Біз соғыстан соң туған буын боламыз» деген еді. Жәкеңнің өлеңдері саф алтындай таза, әзілдері өткір. Ол мәңгі есімізде, – деп Ұлықбек Есдәулетов ақын туралы жазған арнауын оқыды.

Ел арасында Жарасқан айтқан әзілдер аңыз боп тарап кеткен. Тіпті, «Жарасқан айтыпты» деген қалжыңдарды жинастырса, бір кітап басып шығаруға болады. Онымен әзілі жарасып, қалжыңмен қағысатын замандасының бірі сатирик Көпен Әмірбек ақын жайлы естелігімен бөлісті.

– Жәкең екеуміз жақын дос болдық. Оның жаны әзілге жақын еді. Ол жөндіні де, жөнсізді де әзіл етпей, барлығын орнымен тауып айтатын. Оның әзілдерінен адамдар ой түйетін, я болмаса көңілі көтерілетін. Сонымен бірге, Жарасқан атақ алмаса да, атақты ақын болды. Алаштың сүйікті ақынына айналды, – деген Көпен Әмірбек туған өлкесінде Жарасқан Әбдірашұлы атындағы поэзия фестивалін өткізу туралы ұсыныс айтты.

«Әке көрген оқ жонар» демекші, ақынның ұлы, елімізге танымал режиссер Рүстем Әбдірашев та ұлт руханиятына қызмет етуде. Ол да сахна төріне шығып, ұрпақ сабақтастығы жалғасын тапса, Жарасқандай таланттар шыға берсе деген ізгі тілегін жеткізді.

Айта кетейік, рухани кеште Жарасқан Әбдірашев жайлы деректі фильм көрсетілді, шығармашылығынан өлеңдер оқылды. Сыр өңірінің өнерпаздары жыр жырлап, ән айтты. Сондай-ақ, ақынның келіні Мәдина Есманова мен немересі Іңкәр Әбдірашева да әуелетіп ән салды.

Шығармашылық кешті ажарын аша жүргізген белгілі ақын Шәкизада Әбдікәрімов “Ақын кетіп барады көшеменен” дегендей Жәкеннің отты да ойлы өлеңдерін екпіндете оқып, таланттың рухын туған жерінде қайта түлетті және ол әдемі келісім тапты.

**Дәурен ОМАРОВ,**
**Бағдат ЕСЖАНОВ** (сурет).



# ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ 2016 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ

Қызылорда облысы әкімінің 2016 жылға арналған дағдарысқа қарсы Іс-қимыл жоспарының (бұдан әрі – Іс-қимыл жоспары) мақсаты, басымдықтары мен міндеттері «5 институционалды реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлттық жоспарына, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауына, инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасына, облыстың 2020 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму Стратегиясына сәйкес, сондай-ақ, қазіргі экономикалық жағдайды ескере отырып айқындалды.

Іс-қимыл жоспарының мақсаты – облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайына ғаламдық экономикалық дағдарыстың кері әсерін төмендету.

Іс-қимыл жоспарының негізгі басымдықтары болып:

қызметкерлердің жаппай жұмыстан босауына жол бермеу және жаңа жұмыс орындарын құру;

бірінші кезекте қажет тауарларға бағалардың алыпсатарлықпен өсуіне және тұрғындар үшін коммуналдық қызметтер тарифінің негізсіз өсуіне тосқауыл қою;

экономиканы әртараптандыруға, оның ішінде шағын бизнесті дамытуға бағытталған шараларды жүзеге асыру;

инфрақұрылымды, оның ішінде коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту және дамыту;

халықаралық қаржы ұйымдары арқылы және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде өңірді дамытуға инвестиция тарту айқындалды.

## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Облыстағы кәсіпорындарда қызметкерлердің жаппай жұмыстан босатылуына жол бермеу мақсатында, 2015 жылға қызметкерлердің еңбек шарттары мен құқықтарын сақтау жөніндегі жұмыс берушілермен жасалған меморандумдардың орындалуына бақылауды қамтамасыз ету.

Жұмыс орындарын сақтау бойынша жұмыс берушілермен өзара әрекет етуде Қызылорда облысының Кәсіпкерлер палатасының және Қызылорда облысының кәсіподақ орталығының ролін көтеруге ықпал жасау.

Жыл бойы экономика салаларында кем дегенде 9,0 мың тұрақты жұмыс орындарын құру.

Кәсіпорындардың қаржылық жағдайының төмендеуі салдарынан қызметкерлер жұмыстан босатылған жағдайда, оларды өңірдің басқа кәсіпорындарына жұмысқа орналастыру бойынша мақсатты жұмыстар ұйымдастыру.

«Жұмыспен қамту – 2020» Жол картасы шеңберінде жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына және жастар тәжірибесіне бағыттау тәжірибесін жалғастыру.

Қызылорда облысының кәсіподақ орталығымен бірлесіп облыс кәсіпорындарында ұжымдық келісім-шарттардың орындалуына мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету.

Облыс прокуратурасымен бірлесіп, еңбек заңдылықтарының бұзылу фактілеріне, әсіресе, облыстың кәсіпорындары мен ұйымдарында жалақының уақытылы төленбеуіне тездетіп әрекет ету.



Еңбекті қорғауды жақсарту және қауіпсіздікті арттыру бойынша қосымша шаралар қабылдау.

Әлеуметтік әріптестік, әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу бойынша облыстық үш жақты комиссияның отырыстарын айына 1 реттен кем емес, Дағдарысқа қарсы штаб отырысын айына 2 реттен кем емес өткізу.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық аудандар мен Қызылорда қаласында отбасы құрамында еңбекке жарамды адамы бар, жұмыспен қамтуға көмек көрсету шараларына міндетті түрде қатысу шартымен, аз қамтылған отбасыларына ақшалай көмек беру жүйесін енгізу.

Халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарына атаулы әлеуметтік көмек;

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, соғыс кезінде қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен әскери қызметшілердің жесірлеріне, сондай-ақ, тылда кемінде алты ай жұмыс істеген еңбек ардагерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетуді жалғастыру.

«2016-2017 жылдарға арналған Қызылорда облысында мүгедектер өмірінің сапасын жақсарту және құқығын қамтамасыз ету бойынша Жол картасының» жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, әсіресе жеке сауықтыру бағдарламаларын 100 пайызға орындау.

Қызылорда облысының Кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңымен белгіленген жалпы жұмыс орындарының 3 пайызы шеңберінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квотаның сақталуы және кедергісіз орта құру туралы жұмыс берушілермен тұрақты түрде түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың «Әртүрлі-Бірдей» атты 2-ші фестивалін өткізу.

## БАҒАЛАР ЖӘНЕ ТАРИФТЕР

Бірінші кезекте қажет тауарларға бағалардың алыпсатарлықпен өсуіне жол берілмеуіне бақылау орнату механизмі бойынша Үкіметке ұсыныстар енгізу.

Негізгі әлеуметтік маңызды азық-түлік өнімдеріне бағалардың негізсіз өсуіне жол бермеу мақсатында:

негізгі азық-түлік өнімдерінің қажетті қорын қамтамасыз ету, азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыруды және олардың әлеуметтік дүкендер арқылы сатылуын жалғастыру;

әлеуметтік маңызды тауарлардың, жанар-жағармайлардың бағасына күнделікті мониторинг жүргізу және алыпсатарлықпен бағаның өсуіне заңдылықпен көзделген барлық шараларды пайдалана отырып жедел әрекет ету.

Коммуналдық қызметтерге тарифтер өскен жағдайда халықтың, ал 2016 жылы – кәсіпкерлік субъектілерінің де мүддесін қорғауды қамтамасыз ету, осы категориялар үшін қызмет беруші кәсіпорындар бағаны едәуір өсіруіне жол бермеу.

## ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ШАҒЫН БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ

Өңір экономикасының құрылымдық өзгерістеріне бағытталған маңызды міндет – өндірістік секторды және қызмет көрсету саласын дамыту.

Кен өндіріп жатқан мұнай кен орындарының суланауын ескере отырып:

жаңа блогтардың көмірсутекті шикізатын барлау бойынша жұмыстарды бастау;

Қармақшы ауданы аумағындағы Сырдария бассейнінде №1 «Ақбұлақ» тірек-параметрлік ұңғымасын 3,5 шақырымға дейін бұрғылауды жалғастыру.

«Байжарқын алаңында алтын, мыс кендерін;

«Құрымсақ» кен орнында ванадий кенін анықтау бойынша геологиялық барлау жұмыстарын бастау.

«Сырдария» алаңында темірдің кенін анықтау бойынша геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігімен келісім-шартқа қол қою мәселесін пысықтау.

Орташа республикалық қарқынмен салыстырғанда өңдеу өнеркәсібінің озық өсімін сақтау. Осы орайда тау-кен-металлургиялық өндірістерді құру бойынша жұмыстарды жалғастыру. Атап айтқанда:



«Қызылорда қаласында ферроқорытпа зауытының құрылысын салу» жобасын жүзеге асыру;

«Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» акционерлік қоғамымен бірлесіп «Шалқия» кенішінде тау-кен байыту комбинатының құрылысын салудың жобалық құжаттарын бекіту мәселесін пысықтау және қорғасын кек және металдық мырышты алу арқылы коллективті Pb-Zn концентрантын өңдеудің гидрометаллургиялық әдісін ендіру.

Шиелі ауданындағы «Баласауысқандық» кенішін игеруге және Қызылорда облысында тау-кен металлургиялық кешенін дамыту жөніндегі Жол картасында қаралған басқа да іс-шараларды жүзеге асыруға ықпал жасау.

Жүзеге асырылған барлық индустриалдық жобалардың жобалық қуаттылыққа шығуы бойынша шаралар қабылдау.

Шыны зауытының құрылысын салуды;

Қызылорда қаласында машина жасау зауытын құру үшін инвестор іздеуді жалғастыру.

Шынидағы су өндірісі, силикат кірпіші, асфальт-бетон және цемент өндіретін зауыттардың құрылыстарын;

кальцийленген сода өндіру бойынша жобаның жобалық-сметалық құжаттамаларын әзірлеуді бастау.

Сырдария және Жаңақорған аудандарында индустриялық аймақтар құру;

Қармақшы ауданының Төретам кентінде индустриялық-туристтік аймақ құру;

Қармақшы ауданы Жосалы кентінде қуаттылығы жылына 100 мың тонна полипропилен өндіретін зауыт құрылысын салу мәселелерін пысықтау.

Қызылорда қаласы, Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш және Шиелі аудандарының индустриялық аймақтарындағы жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету.

Арал ауданындағы «Қамыстыбас демалыс аймағы», Қорқыт ата мемориалдық кешенінің маңайындағы «Этноауыл» жобаларын жүзеге асыру үшін инвесторларды анықтау.

Жаңа өндірістер құруға инвесторлар тарту мақсатында VII және VIII «Байқоңыр инвест» инвестициялық форумдарын өткізу.

Шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында:

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша;

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомагистралі бойында сервистік инфрақұрылым кешендерінің құрылыстарына инвестиция тарту бойынша жұмыстарды жалғастыру.

2015 жылмен салыстырғанда шағын және, ең алдымен микробизнесті қолдауға бағытталған кішігірім несиелендіру қаражаттарын 3 есеге ұлғайту бойынша шаралар қабылдау.

Шағын бизнесті дамытуды – басымды міндет етіп айқындау. Осы орайда:

«Жұмыспен қамту - 2020 Жол картасы» шеңберінде және «Қызылорда» Аймақтық инвестициялық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арқылы шағын несиелеу тәжірибесін жалғастыру;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасымен бірлесіп «Микробизнес-Қызылорда» пилоттық жобасын жүзеге асыруды бастау.

Шағын және орта бизнесті дамыту үшін несие ресурстары көлемін ұлғайту мақсатында ««Даму» Кәсіпкерлікті қолдау қоры» акционерлік қоғамы мен екінші деңгейлі банктерден қаражаттар тарту.

Ауыл шаруашылығында негізгі басымдықтар болып ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу көлемін ұлғайту бойынша жобаларды жүзеге асыру арқылы агроөнеркәсіп кешенін дамытуды, пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға енгізу болып айқындалды.

Ауыл шаруашылығы тауарөндірушілеріне аяқ су жеткізіп беру қызметтерін, тыңайтқыштар мен гербицидтер құнын арзандату, асылтұқымды мал шаруашылығын дамытуды, сондай-ақ, мал шаруашылығы өнімдерінің сапасын және өнімділігін арттыруды субсидиялауды жалғастыру.

Инвестициялық шығындардың орнын толтыру, оның ішінде техникаларды жаңарту және күрделі құрылысты субсидиялау тәжірибесін енгізу.

Майда тауарлы шаруашылықтарды ауыл шаруашылығы кооперативтеріне біріктіру және сервистік-дайындау орталықтарын ұйымдастыру бойынша жұмыстарды бастау.

«Ы.Жақаев атындағы Қазақтың күріш ғылыми-зерттеу институтымен» күріштің бәсекеге қабілетті жаңа сорттарын шығарудың селекциялық және заманауи тәжірибелер технологиясын ендіру бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

Өңірдің ауыл шаруашылығы тауарөндірушілерін жоғары өнімді тұқымдармен қамтамасыз ету және сортты жаңарту мақсатында жоғары өнімді күріш тұқымдарының партиясын сатып алу.

Жалағаш элеваторын жаңғыртуды жалғастыру.

Пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға енгізу жұмыстарын жалғастыру.

Егісті әртараптандыру мақсатында өндірістік негізде өсірілетін жем-шөп, майлы, бақша дақылдарының, көкөніс және картоптың егіс көлемін арттыру.

Сырдария ауданында 3000 бас ірі қара малына арналған бордақылау алаңының;

Арал ауданы Қарашалаң ауылында балық сервистік-дайындау орталығының құрылыстарын аяқтау.

Қызылорда қаласында «Иіркөл» тоған шаруашылығын дамытуды жалғастыру.

Жаңақорған және Қармақшы аудандарында жалпы қуаттылығы 50 мың уақ мал бордақылау базаларын құру бойынша жобаларды жүзеге асыруды бастау.

Жаңақорған ауданында тамшылатып суғару тәсілін қолдана отырып, томат өсіруді ұйымдастыру.

Жалағаш ауданында 300 гектар аумақта тамшылатып суғару тәсілін қолдана отырып, картоп өсіру жобасын жүзеге асыру.

Құс етін және мия тамырын өңдеу зауыты жобаларын жүзеге асыруды;

Жаңақорған ауданында қуаттылығы жылына 7 мың тонна болатын қозы етінің ет комбинаты құрылысын бастау.

Мал шаруашылығын дамыту мақсатында «ҚазАгро» акционерлік қоғамы қаржы институттарымен «Алтын асық», «Құлан» бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша жұмыстарды жалғастыру.

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ

### ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Арал ауданындағы «Аральская» 110/35/10 қосалқы стансасын қайта жаңғырту бойынша жұмыстарды аяқтау.

Қазалы ауданындағы «Ново-Казалинск» 110/35/10 қосалқы стансасын қайта жаңғырту бойынша жұмыстарды аяқтау.

«Қызылорда қаласындағы «Өндіріс» индустриялық аймағында электрмен қамтамасыз ету желісінің құрылысын салу» жобасы бойынша жұмыстарды аяқтау.

Қызылорда қаласында өз бетімен жүргізілген электр желілерін жою бойынша жұмыстарды жалғастыру.

Қуаттылығы 450 МВт бу-газдық электростансасының құрылысы бойынша жобаны жүзеге асыру мәселесін пысықтау.

### ЖЫЛУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Қызылорда қаласының 7 жобасы бойынша кварталаралық және магистральдық жылу желілерін қайта жаңғыртуды жүргізу.

### СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Облыс халқын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында:

«Қазалы ауданы «Байқожа» жергілікті су құбырының сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту және кеңейту. Әйтеке би кентінің дюкерден №6 СС-на дейінгі сутартқыш»;



«Арал ауданы Сексеуіл кентінің сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту және кеңейту»;

«Қармақшы ауданы Жосалы кентінің ІІ көтергіш сорап стансасын және су құбыры желілерін қайта жаңғырту»;

«Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентінің сумен жабдықтау желілерін қайта жаңғырту және кеңейту» жобаларын жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

Ислам даму банкісімен «Жиделі», «Талап-Сырдария» топтық су құбырларының құрылыстары бойынша мәселені пысықтау.

### ГАЗДАНДЫРУ

«ҚазТрансГазАймақ» акционерлік қоғамымен бірлесіп Тереңөзек, Жалағаш, Жосалы аудан орталықтарын газдандыруға қарыз қаражат тарту және Қызылорда қаласында жұмыстарды аяқтау мәселесін пысықтау.




«Қараөзек-Астана» газ құбырының құрылысы бойынша жобаны жүзеге асыру мәселесін пысықтау.

### ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ

Халықты қолжетімді тұрғын үйлермен қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстандық Ипотекалық Компания», «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» акционерлік қоғамы желілері бойынша Қызылорда қаласында тұрғын үйлердің құрылыстарын салуды жалғастыру. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тұрғызылатын, 123,7 мың шаршы метр тұрғын үй құрылысын салуды қамтамасыз ету.

### КӨЛІК

Қызылорда қаласының сол жақ жағалауы бөлігін игеру арқылы облыс орталығының аумағын кеңейту мақсатында:

Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауы бөлігінде көше-белгілері желілерінің құрылысын салу жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу;

Қызылорда қаласындағы Сырдария өзені арқылы өтетін көпір құрылысын жалғастыру.

Сұлтан Бейбарыс көшесінен Қызылорда қаласында салынып жатқан көпірге дейінгі айналма жол салу.

«Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту» жобасын жүзеге асыруды бастауды пысықтау.

Шиелі ауданында ұзындығы 28,5 шақырым болатын облыстық маңыздағы «Ботабай елді мекеніне кіреберіс» жолын күрделі жөндеуден өткізуді бастау.

Сырдария ауданында ұзындығы 11 шақырым болатын облыстық маңыздағы «Қызылорда-Аэропорт-Айдарлы» жолын орташа жөндеуден өткізу.

Сырдария ауданындағы облыстық маңыздағы «Самара-Шымкент-Тереңөзек» жолының 9 шақырымындағы көпірді күрделі жөндеуден өткізу.

Жаңақорған ауданында ұзындығы 13,4 шақырым болатын облыстық маңыздағы «Жаңақорған-Түгіскен-Келінтөбе» жолын күрделі жөндеуден өткізуді бастау.

Қазалы ауданында ұзындығы 22 шақырым болатын аудандық маңыздағы «Бозкөл-Тасарық» және ұзындығы 11 шақырым болатын «Қожабақы-Аранды» автожолдарын қайта жаңғыртуды аяқтау.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНАН ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК–ЖЕКЕМЕНШІК ӘРІПТЕСТІК ШЕҢБЕРІНДЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУ

Мемлекеттік – жекеменшік әріптестік шеңберінде республикалық «Мемлекеттік – жекеменшік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен бірлесіп:

Қызылорда қаласы әуежайына жаңа халықаралық терминалының құрылысын салу;

Қызылорда қаласында ауысымы 500 келушіге арналған емхана құрылысын салу;

Қызылорда қаласында 600 орынға арналған кәсіби-техникалық лицейдің құрылысын салу;

апаттық жағдайдағы мектептің орнына жаңа мектептер салу;

Сырдария ауданының тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жобаларын жүзеге асыруға инвестициялар тарту бойынша жұмыстар жүргізу.

Еуропа Қайта Құру және Даму банкісімен қарым-қатынас шеңберінде:

Шиелі, Жаңақорған аудандарындағы және Қызылорда қаласының шет аймағындағы электр желілерін жаңғырту бойынша;

Қызылорда қаласының жылумен жабдықтау жүйесін жаңғырту бойынша;

Қызылорда қаласындағы сумен жабдықтау және су бұру жүйесін жаңғырту бойынша жобаларды жүзеге асыруды жалғастыру.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу бойынша зауыттың құрылысын салу;

«Қызылордажылуэлектрорталығы» нысанын қайта жаңғырту және кеңейту және Әйтеке би кентіндегі қуаттылығы 35 МВт газтурбиналық жылу-электр станциясының құрылысын салу;

Қызылорда қаласындағы көшелерді жарықтандыру жүйесін жаңғырту бойынша жобалардың жүзеге асырылуын бастау мәселесін пысықтау.

Ислам даму банкісімен Жалағаш ауданындағы жер суландыратын жүйелерді қалпына келтіру жобасы бойынша;

Азия даму банкісімен Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауында инфрақұрылымды дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыру.

Дүниежүзілік банкімен және орталық мемлекеттік органдармен «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының екінші кезеңін жүзеге асыруды бастау бойынша жұмыстарды белсендендіру.

Инвесторлармен жұмыстарды жандандыру мақсатында, жергілікті маңыздағы жобаларды жүзеге асыру үшін инвестициялар тарту бойынша Кеңес құру.

## ҚАРЖЫ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ

Қазіргі экономикалық жағдайды ескере отырып, облыстық бюджеттік комиссиясының арнайы шешімімен қабылдануы мүмкін кейбір жағдайларды ескермегенде, жаңа құрылыстарға мораторий жариялау.

Басталған әлеуметтік нысандардың құрылыстарын жалғастыруға қаржыландыруды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бірлескен Дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспары шеңберінде қосымша қаржы тарту мәселесін пысықтау.

Мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында тәртіп бұзушылықтың алдын алу мақсатында мемлекеттік сатып алудағы мониторинг Жүйесін және тәртіп бұзушылық Тізілімін кеңінен пайдалану.

Мүгедектердің қоғамдық ұйымдарымен құрылған, тауарлар өндіретін немесе сататын, қызмет көрсету жұмыстарын атқаратын мүгедектердің қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктерін қолдау үшін мемлекеттік сатып алу заңдылықтарын сақтаудың мониторингісін қамтамасыз ету.

Бюджет қаражаттарын тиімді жұмсауға бақылауды күшейту.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мақсатында ауылдық округтердің бақылау есебіне тиісті салықтар мен төлемдер түрлерінің түсуіне бақылау орнатуды қамтамасыз ету.

Кәсіпкерлерді қолдаудың шараларымен қатар, Зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталықпен және салық органдарымен бірлесіп, жұмыс берушілермен әрбір жұмыскерге міндетті зейнетақы жарнасының аударылуына мониторинг жүргізу.

# ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ 2016 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ

Қолданыстағы заңдылыққа енгізілген өзгерістерді ескере отырып, облыс халқының мүлкін және капиталын заңдастыру бойынша жұмыстарды белсендендіру.



2014 жылдың 31 наурызындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» №28 қаулысына сәйкес, жекешелендіруге жататын нысандардың тізбесіне қарай коммуналдық меншік нысандарын жекешелендіруді қамтамасыз ету.

Екінші деңгейлі банктердің айырбас пункттеріндегі ұлттық валютаның курсы мен қолда бар ақшасына тұрақты мониторинг жүргізу.

## АЙМАҚТЫҚ ДАМУ

Аймақтық дамудың басымдықтары – облыс орталығы – Қызылорда қаласы және Байқоңыр қаласы, сондай-ақ, тіректі елді мекендер болып қала береді.

Сонымен қатар, Қармақшы және Жалағаш аудандарының әлсіз салық салу базаларын есепке ала отырып, бұл аудандардың экономикасын дамыту бойынша кешенді шаралар қабылдау жоспарлануда. Осы мақсатта, Қармақшы және Жалағаш аудандарын дамытудың Жол карталары жүзеге асырылатын болады.

## ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ

Заңдылықтармен қарастырылған барлық әлеуметтік төлемдердің уақытылы және толық көлемде төленуін қамтамасыз ету.

Мемлекет Басшысының тапсырмасына сәйкес:

Азаматтық қызметкерлердің айлық жалақысын 7 пайыздан 40 пайызға дейін, оның ішінде білім саласының қызметкерлеріне – 15 пайыздан 29 пайызға дейін, денсаулық сақтау – 7 пайыздан 28 пайызға дейін, әлеуметтік қорғау және басқа салаларда – 28 пайыздан 40 пайызға дейін көтеру;

«Б» корпусы мемлекеттік қызметкерлерінің айлық жалақысын 30 пайызға көтеру;

мүгедектік және асыраушысынан айырылу бойынша әлеуметтік жәрдемақы, шәкіртақы көлемін 25 пайызға көтеру;

ортақ зейнетақыны инфляция деңгейінен 2 пайызға оза отырып индекстеуді қамтамасыз ету.

### БІЛІМ

Білім саласындағы маңызды басымдықтар – апаттық мектептер мәселесін шешу, 3 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен қамту және еңбек нарығындағы қажеттілікке бағытталған сапалы жаңа деңгейдегі мамандарды дайындау болып айқындалды.

Осыған байланысты, 300 орындық Шиелі ауданы Тәжібаев елді мекеніндегі және Қызылорда қаласының Тасбөгет кентіндегі, 100 орындық Арал ауданы Жіңішкеқұм елді мекеніндегі және Жаңақорған ауданы Талап елді мекеніндегі мектептердің құрылыстарын салуды аяқтау.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде Арал ауданының Ерімбет, Көктем,Үкілісай, Аққұлақ, Құланды, Қазалы ауданының Лақалы, Майдакөл, Бірлік, Шәкен, Шилі, Қармақшы ауданының Қуаңдария елді мекендерінде апаттық мектептің орнына 11 жаңа мектептің құрылысын бастау.

Жаңақорған ауданының Төменарық елді мекеніндегі, Қармақшы ауданының Жосалы кентіндегі және Арал ауданының Арал қаласындағы апатты жағдайдағы мектептердің орнына мектептер құрылысын салудың жобалық құжаттамаларын әзірлеу.

Қазалы ауданының Жалаңтөс батыр елді мекеніндегі 90 орындық және Қызылорда қаласындағы 280 орындық балабақшалардың құрылыстарын аяқтау.

Балабақшаларда 3 жасқа дейінгі балалар үшін орын тапшылығын қысқарту бойынша жұмыстар бастау.

Жұмыс жасап тұрған балабақшаларда, оның ішінде жеке балабақшаларда мүмкіндігі шектеулі балалар үшін мамандандырылған топтарды ашу бойынша қосымша шаралар қабылдау.

Қазақстан және Ресейдің алдыңғы қатарлы университеттерінде облыстың орта мектеп бітірушілерін оқытуды жалғастыру.

Қызылорда қаласы және аудандарда балалар үшін жыл бойына созылатын оқыту-сауықтыру лагерьлерін (базалар) ұйымдастыру бойынша жұмыстарды жалғастыру.

Білім мен бизнесті ықпалдастыруды одан әрі тереңдету мақсатында колледждердегі білім беру қызметінде корпоративтік басқару жобасын енгізуді жалғастыру.

Колледждерде дуалды технологиялық оқыту элементтерін енгізу бойынша жұмыстарды жалғастыру.

Жоғары кәсіби техникалық кадрлар дайындау бойынша заманауи орталықтар құру жөніндегі мәселені пысықтау.



Техникалық және кәсіби білім беретін 2 білім мекемесін институционалдық тіркеуден өтуін қамтамасыз ету.

### ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Ана өлімін, әлеуметтік-маңызды ауруларды және қатерлі ісік ауруларын азайту, өңірдің тұрғындарына медициналық көмектің, оның ішінде жоғары мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігі және сапасын көтеру негізгі басымдықтары болып қала береді.

Осы орайда, ана өлімін 4 пайызға, сәби өлімін 3,4 пайызға төмендету бойынша шаралар қабылдау.



Ол үшін:

барлық орталық аудандық ауруханаларды эхокардиографтармен және кардиостандарттар бойынша холтер-мониторлармен, тредмил-тесттермен жабдықтау;

нәрестенің іштегі дамуындағы кемістігін ерте бастан анықтау, нәрестенің кемістікпен туылуын болдырмау, нәрестенің өлім-жітімін және мүгедектігін азайту жұмыстарын жетілдіру мақсатында облыстық перинаталдық орталық базасында генетикалық орталықты жарақтандыру арқылы инвазивтік тексеру тәжірибесін бастау;

облыстық перинаталдық орталық базасында туылғаннан кейінгі сауықтыру бөлімшесін ашу бойынша жұмыстар жүргізу;

онкологиялық ауруларды алдын ала анықтау және өлім-жітімді төмендетуге қол жеткізу мақсатында облыстық онкологиялық орталықты медициналық құрал-жабдықтармен жарақтандыру;

онкопатологиясымен қиналып жүрген ауруларға полиативтік көмек көрсету мақсатында облыстық онкологиялық орталықтан хоспис ашу;

«А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» акционерлік қоғамымен ынтымақтастықты жалғастыру және «С.Д.Асфендияров атындағы Қазақтың ұлттық медициналық университетінің» Қызылорда филиалын дамыту;

біліктілігін арттыруға кем дегенде 350 дәрігер және 565 орта буын медициналық қызметкерлерін жіберу;

міндетті медициналық қамсыздандыруға өту бойынша шаралар қабылдау көзделуде.

Қызылорда қаласында 200 төсектік көпсалалы балалар ауруханасының;

Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентіндегі 250 келушіге арналған аудандық емхананың құрылысын;

Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекенінде дәрігерлік амбулаторияның құрылысын;

Сырдария ауданы Амангелді ауылындағы ауылдық ауруханаы күрделі жөндеуді;

«Арал ауданы Арал қаласында 150 төсектік аудандық орталық аурухананың құрылысы» жобасының жобалық құжаттамаларын әзірлеуді аяқтау.

### СПОРТ

Спорт саласында басымдық ретінде – өңірдің барлық елді мекендерінде бұқаралық дене шынықтыруға теңдей қол жетімділікті қамтамасыз етуді айқындау.

Осы мақсатта халықты дене шынықтыру және спортпен тұрақты түрде айналысумен қамтуды 26 пайызға дейін жеткізу.

2016 жылдың XXXI жаздық Олимпиада ойындарына лицензия ұтып алған Қызылорда облысы спортшыларының сапалы дайындығын қамтамасыз ету.

Қызылорда қаласындағы Ғ.Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы алаңын қайта жаңғыртуды аяқтау.

### МӘДЕНИЕТ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, күрішші Ы.Жақаевтың 125 жылдығына арналған іс-шараларды ұйымдастыру.

Композитор К.Дүйсекеевтің «Туған жер» әнін орындаушылардың республикалық сайысын ұйымдастыру.

Тарихи - мәдени мұраны сақтау және зерттеу мақсатында облыстың мәдени мұраларын ЮНЕСКО Дүниежүзілік Мұралар тізіміне енгізу, сонымен қатар, Сығанақ, Жанкент, Шірік-Рабат қалашықтарына археологиялық зерттеулер бойынша жұмыстарды жалғастыру.

Түрік әлемінің тарихи-мәдени ескерткіші ретінде және Қорқыт мұрасын елге әйгілеу тұрғысынан «Қорқыт ата» кешенін дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыру.

Жаңақорған ауданы Талап стансасындағы 150 орындық ауыл клубының құрылысын аяқтау.

Қызылорда қаласындағы Мұрағаттар ғимаратының құрылысын салуды жалғастыру.

### ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ

Негізгі міндет – конфессияаралық диалогты дамыту, өңірде азаматтық дүниені және ұлтаралық келісімді сақтау, азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың өзара қарым-қатынасын нығайту арқылы өңірдегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Ол үшін:

«Мемлекет басшысының бес институционалдық реформаларын жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам – Ұлт Жоспарын» жүзеге асыру бойынша кең көлемде түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясын «Үлкен ел – Үлкен отбасы» жобасына қатысуы үшін барынша ықпал ету;

«2016-2017 жылдарға арналған Қызылорда облысында жастар саясатын дамыту бойынша Жол картасын» іске асыруды жалғастыру;

үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар беру арқылы азаматтық секторды қолдау бойынша шаралар қабылдау;

тілдердің үш тұғырлығын насихаттау жұмыстарын жалғастыру.

Халықтардың алдында есеп беретін мемлекет құру



мақсатында, қоғамдық-маңызды мәселелер бойынша азаматтық қоғамның көзқарасын білдіруі үшін жағдай жасау, жергілікті деңгейде автономды және жеке Қоғамдық кеңестер құруға ықпал ету.

Қоғамдық қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында:

жергілікті атқарушы органдарға және жергілікті бірлестіктерге бағынышты жергілікті полиция қызметін құру, жергілікті (муниципалды) полиция қызметінің қоғаммен тығыз жұмыс жасауын қамтамасыз ету;

жасөспірімдер қылмыстылығының алдын алу және сақтандыру бойынша кешенді шараларды іске асыру;

қоғамдық тәртіп бұзушылықтың кез келген түрлеріне «шыдамаушылықты» кеңінен насихаттау.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау бойынша жұмыстар шеңберінде:

2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет туралы» №410-V ҚРЗ Заңында қарастырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді мемлекетік қызметкерлердің орындауын қамтамасыз ету;

мемлекеттік қызметкерлердің кірістерінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік органдар басшылары өздерінің кірістерін жариялау тәжірибесін жалғастыру.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» №416-V ҚРЗ жаңа Заңын жүзеге асыру шеңберінде:

2016-2017 жылдарға арналған жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметкерлерінің имиджін көтеру бойынша Іс-шаралар жоспарын бекіту;

мемлекеттік қызметкерлердің, оның ішінде ауылдық округтер әкімдерінің аппарат қызметкерлерінің біліктілігін көтеру бойынша жұмыстарды жалғастыру;

мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақысын олардың қызметінің нәтижесіне қарай беруге кезең-кезеңімен өту бойынша шаралар қабылдау.

Облыс халқына сапалы мемлекеттік қызмет көрсету бойынша интерактивті жобаларды өзектендіру;

«Электронды Үкімет» порталы («Е-лицензиялау» және «Электронды әкімдік») арқылы көрсетілетін электронды қызметтердің үлесін 10 пайызға дейін, Халыққа қызмет көрсету орталығы қызметтерін 72 пайызға дейін ұлғайту;

тұрғындардың компьютерлік сауаттылық деңгейін 69 пайызға дейін көтеру;

Ситуациялық орталықтың ақпараттық-талдамалық жүйесінің талдамалық кіші жүйесін кеңейту жұмыстарын жүргізу.

● МӘЖІЛІС

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ КҮШЕЙТЕТІН МЕЗГІЛ КЕЛДІ

**Бейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев облыстағы жер қойнауын пайдаланушылармен кездесіп, бірқатар өзекті мәселелерді талқылады. Мәжіліске Энергетика министрлігінің мұнай өндірісін дамыту департаменті басшысының орынбасары Бақыт Маханов пен жер қойауын пайдалану департаменті басшысының орынбасары Сәкен Шәкіров қатысты.**

Мәжілісте талқыланған алғашқы мәселе Қызылорда облысында мұнай өндіру көлемін ұстап тұруға қатысты болды. Бұл туралы сөз қозғаған аймақ басшысы бүгінгі басты міндет мұнай өндіру көлемін ұстап тұру екенін атап өтті. Бірқатар кеніштерде мұнай қоры сарқыла бастауда, сондықтан оны алу қиындай түсуде. Қырымбек Елеуұлы ағымдағы жылдың 11 айында өндірілген көлем көрсеткіші 8 млн 252 мың тонна болғанын айтты. Өткен жылдың осы кезеңінде бұл көрсеткіш 9 млн 084 мың тонна болған еді. Айырмашылық 832 мың тонна болып отыр. Мұнай өндіру көлемінің төмендеуі негізінен «ПҚҚР» АҚ, «Торғай Петролеум» АҚ, «Қуатамлонмұнай» ЖШС, «СНПС-Ай Дан Мұнай» АҚ, «Құмкөл Транс Сервис» ЖШС және «ҚОР» ҰК» АҚ секілді компанияларда орын алуда.

Облыс әкімі компаниялар жыл соңына дейін өндіру көлемін арттырып, жоспарлы көрсеткішке жетуге күш салу қажеттігін атап өтті. Ал мүмкіндігі келетіндер жоспардан асырып жатса, артықтық етпейді. Облыс басшысы мұнай өндіру көлемі төмендеуінің басты себебі геологиялық барлау жұмыстарының азаюы деді. Бүгінде Энергетика министрлігі жаңа кен орындарын барлауға конкурстар жариялауда. Соған орай жер қойнауын пайдаланушыларды осы конкурстарға белсенді қатысуды шақырды.

Министрлік өкілі Б.Маханов биыл республикада мұнай өндіру жоспары 101 пайызға орындалады деп күтілуде екенін жеткізді. Қызылорда облысы өз жоспарын орындау үшін жыл аяғына дейін күндік норманы қосымша 5 мың тоннаға арттыруы тиіс. 7 желтоқсанда 2016 жылдың жоспары бекітілген. Келесі жылы Қарашығанақтағы ТШО секілді ірі мұнай компанияларында жөндеу жұмыстары жүретіндігі ескеріліп, еліміз бойынша бойынша жоспар 79,9 млн тонна көлемінде бекітілген. Қызылорда облысының көрсеткіші 8,066 млн тонна. Б.Маханов министрлікке қызылордалық мұнайшылардан түскен барлық 22 өтініштер бойынша мәселелер оң шешімін тапқанын атап өтті. Облыс әкімі министрліктің жергілікті мұнайшылар мәселелерін дер уақытында шешкені үшін ризашылығын жеткізді.

Мәжілісте келесі кезекте мұнай өндіру саласындағы жергілікті қамту жайы сөз болды. Облыс әкімі осындай экономикалық қиын кезеңде жергілікті қамту айрықша маңызға ие болатынын айтты. Қазақстан ДСҰ-ға мүше болып, өтпелі кезең 2021 жылдың 1 қаңтарына дейін белгіленді. Соған байланысты Қазақстан жергілікті қамту бойынша тауар сатып алу, жұмыстар мен қызмет көрсету жөніндегі талаптарды қорғап қала алды. Бұл жер қойнауын пайдаланушыларға да қатысты. Аймақ басшысы облыста тәжірибелі сервистік компаниялар жеткілікті бола тұра кейбір мұнай компанияларының сырттан сервистік мекемелерді шақыратын фактілері кездесіп қалатынына назар аударды. Ол компаниялардың жергілікті мердігерлерге көңіл бөлу қажеттігін қадап айтты. Бұл салада 29 мың адам жұмыс істейді. Отбасы мүшелерімен қоса есептегенде 140 мыңнан астам адам салаға тәуелді. Сондықтан сырт жақтан негізсіз жұмыс күшін тартуға жол беруге болмайды.

Министрлік өкілі Сәкен Шәкіров осы ретте статистикалық деректер келтіріп өтті. Қызылорда мен Қарағанды облысы аумағында мұнай өндіру жөнінде 39 келісім шарт жасалған болса, оның ішінде барлау жүргізуге – 17, бірлесіп мұнай өндіруге 6 келісім шарт жасалған. Жоспар бойынша Қызылорда облысында 2015 жылы 113 млн доллар көлемінде инвестиция салыну керек болса, үш тоқсанда салынғаны 66 млн доллар болып отыр. Геологиялық барлауға 23,8 млн доллар жоспарланса, үш тоқсанда орындалғаны 14,7 млн доллар. Әлеуметтік салаға бөлінуге жоспарланған қаржы 1,401 млн доллар, бөлінгені 1,400 млн доллар. Тауар, қызмет сатып алуға 9 айда 492,9 млрд теңге жұмсалған болса, оның ішінде жергілікті қамтуға 344,2 млрд теңге жұмсалған.

Ең соңғы талқыланған мәселе жұмыс орындарын сақтап қалу және жаңа жұмыс орындарын құруға қатысты болды. Қырымбек Елеуұлы мұнай компанияларындағы жұмыстан қысқарту көрсеткішін келтіріп өтті. «ПҚҚР» АҚ – 22 адам, «Торғай Петролеум» АҚ –17 адам, «Қуатамлонмұнай» ЖШС – 83 адам, «СибуҚызылорда» ЖШС – 126 адам, «СНПС-Ай Дан Мұнай» АҚ – 35 адам, «CNEC» ЖШС – 72 адам, «Хайлон» ЖШС – 45 адам, «Құмкөл Транс Сервис» ЖШС – 115 адам қысқартылған. Аймақ басшысы жұмыс орнын сақтап қалу аса маңызды мәселе екенін атап өтті. Ел Президенті бүгінде екі мәселеге баса назар аударуды тапсырып отыр. Оның біріншісі бизнесті әртараптандыру, екіншісі жұмыс орындарын құру. Сондықтан жұмыстан негізсіз босатуға жол беруге болмайды. Аймақ басшысы сонымен қатар, облыс аумағында жұмыс істей отырып, бірақ басқа өңірде тіркелген компаниялар мәселесі бұған дейін де бірнеше рет көтерілгенін еске салды. Мәселен, «Саутс Ойл» ЖШС, «ZHUSALY DEVELOPMENT» ЖШС, «Туран Барлау» ЖШС, «Галаз и К» ЖШС секілді заңды тұлғалар біздің облыста жұмыс атқарғанмен, басқа облыстардың салық органдарына тіркелген.

**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**

● ҚАБЫЛДАУ

# АҚЫННЫҢ ЕКІНШІ ҒҰМЫРЫ БАСТАЛДЫ

**Бейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев көрнекті ақын, КСРО Жазушылар одағының мүшесі Жарасқан Әбдірашұлын еске алу шарасы аясында бір топ зиялы қауым мен ақынның отбасын қабылдап, құрмет көрсетті.**



Кездесуде аймақ басшысы Қырымбек Елеуұлы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Жұлдыз» журналының бас редакторы Ұлықбек Есдәулетов, «Ара» журналының бас редакторы Көпен Әмірбек, «Үркер» журналының бас редакторы Қуандық Түменбай және Ақұштап Бақтыгереева сынды ақын-жазушылармен, сондай-ақ ақынның отбасымен, соның ішінде жұбайы Назгүл Мергенбаева және ұлы, елімізге танымал режиссер Рүстем Әбдірашевпен қазақтың біртуар ақыны Әбдіраштың Жарасқанын еске алып, сыр бөлісті.

– Сыр елінен, Арал жерінен түлеген сөз зергері, есімі әдебиет тарихына алтын әріппен жазылған жерлесіміз Жарасқан Әбдірашұлын еске алу шаралары кең көлемде атап өтілуде. Облыс орталығында шығармашылығына арналған кеш өтіп, Арал қаласында жазушының есімі берілетін мектепте ескерткіш бюсті ашылады. Мұның бәрі Жарасқан ағамыздың әруағына жасалған қызметтің басы және ақынның екінші өмірінің басталғанының белгісі деп есептеймін, – деген облыс әкімі ақынның өлмес мұрасын ұлықтап, ұрпағын тәрбиелеп, отын өшірмей отырған жары, шаңырағының шамы Назгүл Мергенбаеваға алғысын жеткізді.

Өз кезегінде ақынның жұбайы Жарасқан Әбдірашұлының ұмытылмас рухани қазынасын дәріптеп жатқан Сыр елінің ықыласына ризашылық білдірді.

– Бізді сыйлап, Жәкенді құрметтеп жатқан азаматтарға мың да бір рахмет. Жәкең біздікі емес, ол – халықтықі. Оған жасаған қызмет – халыққа жасалған қызмет деп білеміз, – деді ол.

Бұдан соң ақын Ұлықбек Есдәулетов: «Қазақтың ұлы ақыны Жарасқан Әбдірашұлы – Сыр сүлейлерінің заңды һәм саңлақ жалғасы», – десе, ақын Ақұштап Бақтыгереева: «Ақынды сыйлау шарасы – парасаттылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін шара. Бұл – елдіктің, азаматтықтың көрінісі», – деген пайым айтты. Ал, ақын-сатирик Көпен Әмірбек: «Біз Сыр еліне, туған жері Аралға көрінуге емес, Жарасқан Әбдірашұлын көрсетуге, тұлғасын таныта түсуге келдік», – деді.

Сонымен қатар, ақынның ұлы, елімізге танымал режиссер Рүстем Әбдірашев та сөз сөйледі.

– Біздің бойымызға, жүрегімізге ұлтқа, ана тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік ананың ақ сүтімен, әкенің қанымен дарыған. Әкем өзінің жазатынын жазып, ұрпаққа қалдырып кетті. «Менің кім екенімді өлгеннен кейін ғана білесіңдер» деп өзі қалжындайтын еді. Арал сарқылған кезде, теңізді аңсайтын. Сөйтіп, мені дүкенге жұмсап, он шақты «Аралтұз» деген тұзды алдыртатын. Сонан соң, оны ваннаға төгіп, ішін суға толтырады да: «Міне, мен Аралды тірілттім», - деп ішіне өзі жататын еді. Арал теңізіне, туған жеріне деген махаббаты ерекше болатын. Бізді де солай тәрбиелеп, қанымызға сіңірді. Сондықтан, туған жер алдындағы қарызымызды өтеу біз үшін де парыз. Болашақта Арал мен Сыр өңірі туралы кинотуындылар түсіріледі, – деді Рүстем Жарасқанұлы.

Ақын, КСРО Жазушылар одағының мүшесі Ж.Әбдірашұлының есімін, шығармашылығын дәріптеу шарасы А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйіндегі кешке ұласты.

**Дәурен ОМАРОВ.**

# «ҚЫМБАТ ҚАЗЫНАНЫҢ» САҚТАУШЫСЫ

**Соңғы уақытта «ақпараттық технологияға қолжетімділік адамдарды кітаптан алыстатты» деген пікірді жиі естиміз. Бірақ небір заман ауысып, дүние өзгергенмен, әлі күнге дейін оқырманына қызмет көрсетіп келе жатқан Бодлианның, Белгияның корольдік кітапханасының, Ватикандағы, Париждегі ұлттық кітапханалардың тарихы жүзжылдықтардың қойнауына жетелейді. Өзіміздің Отырар кітапханасының Александрия кітапханасынан үлкен болғандығы жайлы деректер бар.**



Қызылорда қаласының орталығындағы ақын Әбілдә Тәжібаев есімін иеленген облыстық кітапхана – республикадағы типтік жобамен салынған әрі байырғы мекемекелердің бірі. 1867 жылы Ақмешіт уезінің әскери бекінісінің халқы үшін ашылған. Кітапхана директоры Нұржамал Мырзамұратова Қазақ Ұлттық университетін бітірген соң білім саласында жауапты қызметтер атқарды. Облыстық музейдің директоры болды. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының басшылығын 2009 жылдан бері атқарып келеді. Ол кітапхана ісін дамыту мен кітап мәдениетін қалыптастыруға өзіндік үлесін қосып жүрген білікті маман. «Кітап оқылмайды, адамдар интернеттің тұтқынына айналды» деген пікірге өзіндік көзқарасы бар.

– Уақыт өте келе асыл мен жасықты айыратын талғамның қалыптасатыны сөзсіз. Сол кезде интернеттегі кейбір арзан дүниелердің орнына тасқа басылған, бағалы дүниелер келеді. Ежелгі грек ойшылдарының өздері «кітап оқылмай қалды» деген уайымын сол дәуірде айтқан екен. Одан бері қанша заман алмасты, бірақ кітаптан бас тартқан жоқпыз. Сондықтан қай дәуірде де кітаптың құндылығы жойылмайды, – дейді ол.

Ә.Тәжібаев атындағы кітапханаға жыл сайын 30000-ға жуық оқырман келеді. Мазмұны жағынан білімнің әр саласын қамтитын 400 мыңнан астам кітап қоры бар. Өтіп бара жатқан жылда кітапхана қоры Қазақстанның халық жазушысы Қ.Мұхамеджановтың жеке кітапханасымен толықты. Осы іргелі істердің барлығында кітапхана басшысының қолтаңбасы мен ұйымдастырушылық қасиеті анық көрінеді.

Ақпарат дәуірі барлық саланың жұмыс бағытына өзіндік өзгерістерін енгізгені мәлім. Облыстық кітапхана «Электронды мемлекеттік кітапханалық қор – Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхана» жобасына қатысып келеді. ҚР Ұлттық кітапханасы жанындағы Қазақстандық корпоративтік каталогтау орталығымен бірлесіп жұмыс жүргізу нәтижесінде жазбалармен кітапханааралық алмасу арқылы облыстық кітапхананың электрондық каталогының мәліметтер базасы артып, пайдаланушылар үшін ақпараттар аясы кеңейді. Электронды каталогқа 234556 дана кітап, деректер базасына 116503 библиографиялық жазба енгізілді. Бұл қыруар жұмыс уақыт талабымен үндесуге бейім тұратын басшының бастамасымен жасалған еді.

– Заманауи ақпараттық технологиялар кітапхананың ақпараттық әлеуетін кеңейтуіне мүмкіндік берді. Осы мүмкіндіктің арқасында кітапхана интернетке, қашықтағы каталогтар мен отандық және шетелдік ақпарат ұстаушылардың толық мәтінді мәліметтер базасына енуге жағдай жасалды. Интернет платформасын, құжаттарды электронды жеткізу тәсілін пайдалана отырып, оқырмандар өздерінің ақпараттық мұқтаждығын қанағаттандыра алады. Облыстық кітапхана әзірлеген жобалар жүздеген құнды әрі сирек басылымдарды сақтауға сеп болды,– дейді Нұржамал Ахметқалиқызы.

Облыстық кітапханада «50+ WEB», «Ақпараттар алаңы», «Жанашыр» сияқты жобалар арқылы оқырмандар игілігіне қызмет жасау жолға қойылған. Мәселен, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған «Жанашыр» жобасы аясында арнайы түзеуту мектеп-интернатының ұстаздарымен, оқушыларымен және қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде есепте тұрған балалармен жұмыс жүргізіледі.

Тағы бір тамаша жоба жұмыссыз жастар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың еңбек пен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған «Шаңырақ» интеллект-орталығында ашылды. Орталықта ұйымдастырылған тренингтер мен оқу курстарында жұмыссыз жастар, зейнеткерлер, кітапханашылар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтар қатыса алады. Курсқа қатысушылар интернет арқылы түрлі әлеуметтік желілерді және электронды үкіметтің онлайн қызметтерін пайдалануды, күрделі бағдарламалармен жұмыс жасауды үйренеді.

Н.Мырзамұратованың басшылығымен Сыр бойының тарихына қатысты тасқа басылған деректер «Сырдария» электронды кітапханасының қорына қосылуда. Бұл қорда өлке тарихынан сыр шертетін материалдар, атаулы оқиғалар, облыстың дамуына орасан үлес қосқан азаматтар жайлы 1000-нан астам мақала жинақталған. Сирек кітаптарды цифрлау, өлкетану бойынша сақтандыру қорларын құру бағытында кітапхана қызметкерлері табысқа қол жеткізді. Қазіргі таңда 1200 дана кітап цифрланып, 5488 кітап, 4591 газет беттері қалпына келтірілді. Өңірдің өткеніне қатысты деректерді сабақты жібіне дейін қалдырмай жинап, келер ұрпақтың игілігіне айналдыру жанашырлықты, ыждағаттылықты қажет ететін жұмыс. Бұл жауапты жұмысты үйлестіруде Н.Мырзамұратованың ұзақ жылдар бойы жинаған мол тәжірибесі көмекке келгені байқалады.

Жаңашыл басшының басқаруындағы ұжым облыста алғашқы болып мобильді кітапхана жұмысын бастады. Мобильді кітапхана қорында Сыр бойының белгілі қаламгерлерінің шығармалары мен аудионұсқалары енгізілген.

Кітапханада ақын Ә.Тәжібаев мұражайы, «Тәуелсіз Қазақстан» залы, Корей ақпараттық орталығы, Америка бұрышы ашылып оқырмандарға қызмет көрсетуде. «Жауқазын ғұмыр» жас ақын жазушылар, «Өнер», «Кездесу», «Рауан», «АСК Kyzylorda» сұхбат клубы жұмыс жасайды. Кітапхана пайдаланушылардың сұраныстарын қанағаттандыруда қызмет көрсетудің жаңа инновациялық түрлерін пайдаланып, заманауи талаптарға сәйкес ақпараттық қызмет көрсетіп келеді. Бұл – «кітап» атты баға жетпес қымбат қазынаны сақтап, оқырманын көбейтіп отырған Нұржамал Ахметқалиқызы басқарған іргелі ұжымның жетістігі.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**

---

*Қызылорда облысы әкімдігінің*
*2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 255 қаулысы*

## Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) «Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолымен жүріп өту үшін ақы алу қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №895 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4974 болып тіркелген, 2015 жылдың 19 мамырында «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде жарияланған);

2) «Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін пайдалану тәртібі мен шарттарын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 897 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4975 болып тіркелген, 2015 жылдың 16 мамырында «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде жарияланған).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.Ж.Сүлейменовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев.**

---

ЖОБА

## «Табиғат қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі №155 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Табиғат қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 155 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5155 нөмірімен тіркелген, «Кызылординские вести» және «Сыр бойы» газеттерінде 2015 жылғы 8 қазанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген «Облыстың жергілікті атқарушы органдарының жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдауы» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіндегі:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қалалық және аудандық ауыл шаруашылығы бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев.**

---

## АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық-маркетингтік жүйесі арқылы күнделікті негізгі азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізіліп отыр. Жүргізілген мониторингтің нәтижесінде бүгінгі күні ең арзан өнімдерді облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендегі сауда үйлері мен базарларынан алуға болады.

**Қызылорда:** «Дәмді» әлеуметтік дүкендерінде күріш – 165 теңге, жұмыртқа – 24, нан – 45, картоп – 70, сәбіз – 65, қырыққабат – 60, пияз – 60, қант – 200, өсімдік майы – 310, 1 сортты ұн кг 57 теңгеден сатылуда.

**«Мирас» сауда үйінің** ауласында орналасқан қоймада картоп – 58-65, пияз – 55-60, сәбіз – 65-70, қырыққабат – 65-70, қызылша 75-80 теңгеден саудалануда.

**Арал:** Арал қаласының жеке кәсіпкері С.Саяновтың «Қуантқан» дүкенінде күріш – 190-200, картоп – 55-60, пияз – 60, сәбіз – 90, қырыққабат – 90, қант – 210, жеке кәсіпкер Н.Сапарбаевтың дүкенінде картоп – 55-60, пияз – 60, сәбіз - 90, қырыққабат – 80-90, күріш – 200 теңгеден.

**Қазалы:** «Әлеуметтік сауда дүкені» картоп – 50, пияз – 65, қырыққабат – 90, сәбіз – 80, сиыр еті – 1000, өсімдік майы – 310, тауықтың сан еті 480 теңгеден сатылуда.

**Қармақшы:** «Бибінұр» базары мен «Жандос» дүкенінде картоп – 70, сәбіз – 80-90, жуа – 60-65, қырыққабат – 80-90, жұмыртқа – 19-20, күріш – 150-180, қарақұмық жармасы 200 теңгеден болса, ЖК «Өмірзақов», ЖК «Қармақшы» СТК дүкендерінде I сортты бидай ұнының келісі 57 теңгеден сатылып жатыр.

**Жалағаш:** «Бәйтерек», «Жібек» базарларында өсімдік майы – 310, картоп – 65-70, сәбіз – 80, пияз – 50, қырыққабат – 70, жұмыртқа – 20 теңге, «Ақниет», «Айдана» және «Қаракөз» дүкендерінен I сортты бидай ұнының кг – 56-80, нан – 45-50, жұмыртқа – 20, өсімдік майы – 310, пияз – 50, сәбіз –80, картоп – 65-70, қырыққабат – 70, тауық еті 500 теңгеден алуға болады.

**Сырдария:** «Өркен» және «Серікбол» дүкендерінде нан бағасы – 45, өсімдік майы – 300, қант – 190-200, картоп – 60-70, сәбіз – 90, пияз – 50-65, қырыққабат – 80, тауық еті – 480-550, жұмыртқа – 19-22, «Бақытжан», «Нұр» дүкендерінде жұмыртқа – 22-25, өсімдік майы 350, қант – 200, қырыққабат 80 теңгеден сатылуда. «Коммуналдық» базарында бидай ұны 1 сорт – 57 теңге, нан – 45, өсімдік майы – 350, қырыққабат – 80, тауық еті – 550 теңге.

**Шиелі:** «Ә.Шорабаев», базарында картоп – 60-70, пияз – 50, сәбіз – 70, қырыққабат – 70, өсімдік майы – 350, қант – 210, жұмыртқаның 10 данасы – 230, тауық еті – 500, ет – 1000 теңге, тұз – 35 теңгеден алуыңызға болады. Сонымен қатар, I сортты бидай ұны 57 теңгеден саудалануда.

**Жаңақорған:** «Мағжан», «Заңғар», «Сырдария», және «Нұрасыл» дүкендерінде ұн 1 сорт – 66-78, нан – 45-55, өсімдік майы – 280-350, картоп – 55-70, пияз – 40-50, қырыққабат – 60-70, сәбіз – 65-70, тауық еті – 480-530, жұмыртқа 10 данасы – 200-210 теңге болса, «Нұр» базарында ет бағасы – 1000-1100, жұмыртқа 10 данасы – 210, жуа – 45-55, сәбіз – 70, картоп – 60-70, қырыққабат 70 теңгеден сатылуда.

---

## Қызылорда қаласында инвесторлардан шығыстарының бір бөлігін өтеу бойынша өтінімдер қабылдау басталды

**«Қазагромаркетинг» АҚ Қызылорда қаласында инвестициялық субсидиялау үшін инвесторлардан өтінімдер қабылдайтынытуралы хабардар етеді.**

Инвестор ретінде Қазақстан Республикасында инвестициялық салынымдарды жүзеге асыратын агроөнеркәсіп кешен субъектісі болып табылатын жеке және заңды тұлғалар қарастырылады.

Инвестициялық субсидиялар Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешеніндегі жаңа өндірістік қуаттар құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге бағытталған шығындардың бір бөлігін өтейді.

Инвестициялық субсидиялау Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы Министірлігінің 2015 жылдың 07 тамыздағы № 9-3/726 бұйрығымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру бойынша субсидиялау қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

Өтінімдер келесі мекен-жай бойынша қабылданады: Қызылорда қ., М.Әуезов к-сі 26.

**Барлық сауалдарды Қызылорда қаласындағы «Қазагромаркетинг»АҚ-на 8 (7242) 26 44 29, 8 771 088 03 17**
**Арал қ-сы 8 (72433) 2 45 37, 8 771 088 03 15**
**Әйтеке би кенті 8 (72438) 2 38 27, 8771 088 03 14**
**Жосалы кенті 8 (72437) 2 12 42, 8 771 088 02 95**
**Жалағаш кенті 8 (72431) 3 24 61, 8 771 088 03 16**
**Теренөзек кенті 8 (72436) 2 22 17, 8 771 088 02 96**
**Шиелі кенті 8 (72432) 4 25 97, 8 771 088 03 19**
**Жанақорған кенті 8 (72435) 3 14 67, 8 771 088 02 94 және call-орталығына 8 800 080 70 80 нөмірлері бойынша жолдауға болады (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін).**

---

● ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

## ЖАЗАЛАНҒАНДАР ЖАЙЫ ӘҢГІМЕ БОЛДЫ

**Сейсенбі күні облыс орталығындағы “Nomad Palace” қонақ үйінің мәжіліс залында “Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатындарды және босатылғандарды қайта әлеуметтендіру және қайта оңалту орталығы” жобасы бойынша дөңгелек үстел өтті.**

“Қызылорда облыстық тұтынушылардың құқығын қорғау қоғамы” қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған шараның мақсаты – бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар мен босатылатындардың проблемалары бойынша ұсыныстар әзірлеп, оны тиісті министрліктер мен ведомстволарға жіберу, сондай-ақ жазасын өтегендер мен өтеушілерге әлеуметтік, құқықтық және психологиялық көмек көрсету, түзеу мекемелерінен босағандардың қоғамға бейімделуін жеделдету, жазасын өтеген уақытта жоғалған әлеуметтік – пайдалы байланыстарын қалпына келтіру, жұмысқа орналасу мәселелерін шешу, жазасын өтеп шыққандар арасында қылмыстың қайта жасалуының алдын алу.

Аталмыш қоғамдық бірлестік биылғы сәуір айынан бастап облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының тапсырысы бойынша “Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатындар мен босатылғандарды қайта әлеуметтендіру және қайта оңалту орталығы” жобасын іске асыруда. Жобаға сәйкес Қызылорда қаласы мен аудандар бойынша мәліметтер базасы әзірленіп, оған ай сайын өзгерістер енгізіліп отырады. Әр түрлі әлеуметтік бейімдеу жұмыстары жүргізілу нәтижесінде өткен он айда сотталғандармен жасалған тәртіп бұзушылықтар саны азайғаны, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар мен жазасының өтелмеген бөлігі неғұрлым жеңіл түріне ауыстырылғандар саны көбейгені анықталған. Жұмылдырылған құрылымдардың тығыз байланыстағы алдын алу шараларының нәтижесінде бұрын сотты болғандар тарапынан рецидивтік (қайта жасалған) қылмыстар былтырғы жылмен салыстырғанда елу пайызға азайған.

Дөңгелек үстел отырысын сөз сөйлеп ашқан қоғамдық бірлестік президенті Серік Теңізбаев қолға алынған жобаның маңызына тоқталса, мекеме заңгері Марат Балғараев есепті кезеңде атқарылған жұмыстар жайлы кеңінен баяндап берді.

Кездесу барысында облыс прокурорының көмекшісі Дарын Әбіш, қылмыстық атқару жүйесі департаментінің бас маманы Жалғас Есмаханов ортақ істе бірлесіп жұмыс жасайтындықтарын жеткізді.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

---

## Қызметке конкурс

**«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120014, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі № 28, анықтама үшін телефондары: 8 /7242/ 40-10-58, 8 /7242/ 70-54-87, факс 8 /7242/ 70-54-87 oblkasipkerlik@korda.gov.kz, «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:**

**Кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі бағдарламаларды іске асыру бөлімінің бас маманы (D-O-4 санаты - 1 бірлік). Лауазымдылық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 64 063 теңгеден 86 485 теңгеге дейін (экологиялық коэфициентті есепке алмағанда).**

**Негізгі функционалдық міндеттері:**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Заңдарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен облыс әкімдігі қаулыларының және облыс әкімінің шешімдері мен өкімдерінің орындалуын жүзеге асырылуын және басқарма басшысының бұйрықтарының, хаттамалық тапсырмаларының және басқа да тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз етеді.

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының бағыттары бойынша кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету, атап айтқанда, кәсіпкерлік субъектілерімен несие қарыздары/жаңа кредиттер/лизингілік шарттар бойынша алынған несиенің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау, кәсіпкерлердің несиесі бойынша ішінара кепілдендіру, «Өндірістік инфрақұрылымды дамыту» бағыттарына сәйкес ұсынылған жобалар құжаттарын экономиканың басым бағаттарына сәйкестігіне қарап, аймақтық үйлестіру кеңесіне ұсынады. Бағдарламаның «Жұмыс істеп тұрған бизнесті сервистік қолдау» бағыты өңірлік кәсіпкерлік палатасымен бірлесіп, жыл сайын шарт жобасын әзірлейді. Ісін жаңа бастаған кәсіпкердің жаңалығымен және ерекшеленетін кәсіпкерлер үшін гранттық қаржыландыру бойынша конкурс жариялау, өткізіп ұсынылған жобаларды конкурстық комиссия мүшесіне ұсынады. «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын іске асыру мақсатында екінші деңгейлі банктер, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қызылорда филиалымен бірге жұмыс жүргізеді. «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын жүзеге асыру бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты болады. Өз құзіреті шегінде бөлім басшысының өзге де тапсырмаларын орындайды. Бөлім басшысы еңбек демалысында немесе іссапарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңамаларында көзделген жағдайларда жұмыс орнында болмаған жағдайда бөлім басшысының міндетін атқарады. Лауазымдық нұсқаулықта қаралған қызметтер аясында қосымша туындайтын басқа да жұмыстарды жүргізеді.

**Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:** Құқық (құқықтану) немесе әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (саясаттану, экономика, есеп және аудит, қаржы, әлемдік экономика) мамандықтары бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі құқық (құқықтану) немесе қызмет көрсету, экономика және басқару (экономика, есеп және аудит, қаржы) мамандықтары бойынша білімі барларға рұқсат етіледі.

Мемлекеттік тілді білуі, компьютерде және интернетте жұмыс істеу қабілеті, мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

**Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:**

1) нысанға сәйкес өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат, немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы» басылымдары) соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120014, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі № 28, № 310 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінде (Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі № 28, № 311 кабинетте) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

**D-O-4 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы:** мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

**«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.**

---

● МӘСЛИХАТ ӨМІРІ

## АҚТАЛҒАН СЕНІМ

**Депутат – халық қалаулысы. Ол – ел мен биліктің өзара байланысын нығайтатын, қала тұрғындарын толғандыратын мәселелерді назарға алатын және оны шешу жолдарын іздестіретін тұлға. Ел сеніміне ие болған халық қалаулысы өз сайлаушыларының ұсыныс-тілектері мен арыз-шағымдарына, өтініштеріне дер кезінде құлақ асып, одан оңды нәтиже шығаруға ұмтылады. №19 Тасбөгет сайлау округінен Қызылорда қалалық мәслихатына депутат болып сайланған Рәзия Қалжанова да сайлаушыларының үкілі үмітін аялап, олардың өзіне артқан сенімін ақтау жолында уақытпен санаспай еңбек етіп келеді. Халық қалаулысы қандай жұмыс атқарды, сайлаушылар оған қандай баға берді? Бұл жайында сұхбатымызда кеңінен әңгімеленеді.**

*– Рәзия Қалжанқызы, халық өз сенімін кез келген жанға арта бермейді. Қолынан іс келетін, құзырлы орындарға, лауазым иелеріне өз сөзін өткізе алатын жандарды қалайды. Депутат болып сайланған кезіңізде жүрексінген жоқсыз ба?*

– Әрине, іштей қобалжығаным рас. Алғашқыда сайлаушыларымның артып жатқан жүгі мен берген аманаттары орындалмастай сезінгенмін. Қараңыз, шалғай орналасқан елді мекендерге газ әкелу, апатты жағдайдағы мектеп пен облыстық балалар ауруханасының құрылыстары көпқабатты үйлердің су, жылу желілерін жөндеу... оңай шаруа емес. Дегенмен, өмірлік тәжірибем, тиісті мекеме, қоғамдық ұйым жетекшілері мүмкіндігінше көмек берді. Соның нәтижесінде округте бірқатар игілікті шаралар жүзеге асырылды.

*– Атап айтқанда...*

– Бұрын аудан орталығы болған Тасбөгет кентіндегі Ш.Есенов көшесінің 1,2 шақырымына 35,1 млн теңге қаржыға орта жол жөндеу жұмыстары жүргізілсе, жергілікті бюджеттен бөлінген 8,828 мың теңге қаржыға С.Майқанова, Аманкелді, Ғ.Мұратбаев көшелері мен “Наурыз”, “Тасарық” шағын аудандары толық жарықтандырылды. Сондай-ақ кезінде облыстық бюджеттен бөлінген 707 млн теңгеге қаржыландырылған кентті газбен қамтудың I кезеңінде газдандырылмаған шет аймақтарына көгілдір отын тарту бағытындағы құрылыс жұмыстары толығымен аяқталды. Кент тұрғындары көгілдір отынмен толық қамтамасыз етілді. Сондай-ақ республикалық бюджет есебінен жүргізіліп жатқан 200 орындық облыстық балалар ауруханасы келер жылдың соңына қарай пайдаланылуға берілмекші. Сонымен қатар Аманкелді көшесіндегі 24 пәтерлік жалдамалы тұрғын үй құрылысы республикалық және қалалық бюджеттің қаржысымен іске асырылуда.

*– Елбасы әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту аясында елдегі апатты мектептер мен үш ауысымда оқыту мәселесін шешуді ұсынған болатын. Бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылды?*

– Ең алдымен, облыс әкімі мен қала басшысының үлкен қолдауымен кентте көптеген жұмыстар атқарылып, тұрғындар риза болғанын айтқым келеді. Кенттегі №172 мектептің апаттылар қатарына қосылғанына да біршама уақыт болды. Оның орнына жобалық құны 569,5 млн теңгені құрайтын 300 орындық мектеп құрылысы жүргізілуде. Алдағы мамыр айында жаңа мектеп балалар игілігіне ұсынылатын болады. Сонымен бірге өткен жылы кенттегі №11, 176 мектептері республикалық бюджет есебінен күрделі жөндеуден өтті. С.Майқанова атындағы Мәдениет үйі, туберкулезге қарсы диспансер ғимаратына жүргізілген күрделі жөндеулерге жұмсалған қаржы жергілікті бюджеттен шықты. Кенттегі көпқабатты үйлер арасына орналасқан дамуында проблемалары бар балаларға арналған облыстық әлеуметтік оңалту орталығына дейінгі жылу желілерін қайта жаңғырту жұмыстары да толық аяқталды.



*– №19 сайлау округіне Белкөл мен Ақжарма ауылдары да кіреді. Ондағы сайлаушылар аманаттарының орындалуы қалай?*

– Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Белкөл кентіне қарасты Бірқазан елді мекенінде соғысқа аттанып, шейіт болған, елге оралып, кейін қаза тапқан және еселі еңбектерімен Жеңіс күнін жақындатқан ауыл азаматтарын мәңгі есте қалдыру бағытында “Тағзым алаңы” ескерткіш мемориалы соғылды. Оған ауыл-аймақ, барша ағайын белсене атсалысты. Кенттегі 4 қабатты тұрғын үй, яғни 369 пәтер, мектеп, интернат, балабақша, кент әкімшілігі қалыпты жұмыс жасайтын орталықтандырылған жылуға қосылған, электр жарығымен толық қамтылған. Белкөлдегі 6 көшені түнгі жарықпен қамту және көше жолдарын асфальттау жұмыстарының жобасметалық құжаттары әзірленіп, оны іске асыру жолдары қарастырылуда. Сондай-ақ “Ақбұлақ” бағдарламасы аясында таза суға қол жеткізген кент отбасылары есептегіш құралымен толық жабдықталған, 2 скважина толассыз жұмыс істейді. Ең бастысы, кентті көгілдір отынмен қамтамасыз етудің алғышарттары қолға алынды.

Ақжарма ауылы және оған қарасты елді мекендер ауыз су, аяқ сумен, электр жарығымен толық қамтамасыз етілген. Мерекелік іс-шараларға, санитарлық тазалыққа арнайы қаржы бөлініп, олардың өз орнына жұмсалуы қадағаланады. Мәселен, елді мекендерді көркейту-көгалдандыру бағдарламасы бойынша 925 мың теңге қаржы қаралып, ауылдағы бейітті қоршау жұмыстарының жобасы дайындалды. Ақжарма, Талдыарал елді мекендеріндегі көшелерді жарықтандыру жұмыстарына қаржы көздері қарастырылып, ол шараны іске асыратын мекемелер айқындалды. Қазір тиісті жұмыстар қолға алынды.

*– Ел болашағы жастарға жасалып жатқан қамқорлық жайында не айтасыз?*

– Облыс әкімінің грантына үміткер студенттерді іріктеу үшін құрылған комиссия мүшесі ретінде №19 Тасбөгет кенті сайлау округіне қарасты елді мекендерден 28 жастың оқуға түскенін мақтанышпен айта аламын. Оның 27-сі Тасбөгет кентінен де, біреуі Ақжарма ауылынан. Олардың барлығы дерлік көпбалалы, оралман отбасынан, мүмкіндігі шектеулі, жетім, ата-анасының бірінің қамқорлығынсыз қалған не болмаса мүгедек ата-ана қамқорлығында қалған балалар болып табылады.

*– Сайлаушылар алдында есеп бердіңіз. Сіздің атқарған жұмысыңыз олардың көңілінен шықты ма? Өкпе-ренішін айтқандар көп болды ма, әлде ризалық білдіргендер қатары басым болды ма?*

– Кезінде “КазГерМұнай” ЖШС-ның демеушілігімен №145 мектеп оқушыларына бірыңғай форма алынып, №218 мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. Арада біраз уақыт өтсе де елді мекен тұрғындары алғыстарын білдіруден танбай келеді. Бірқазан елді мекеніндегі “Тағзым” мемориалын салуға қосқан азды-көпті үлесіме ризалық айтқан жандар енді сол кешенді белгілі бір мекеменің балансына тиесілі етуге атсалысуыма өтініш білдіреді. Сайлау округіндегі ардагерлер, жетім-жесірлер, жағдайы төмен, көпбалалы отбасылар, мүгедек жандар өздерінің алғыстарымен қатар өтініштері мен ұсыныстарын қоса ұсынды. Оларды алдағы күндер еншісіне қалдырып отырмын. Тасбөгет кенті мен төрт ауыл-аймақтан жиналған сайлаушылар атқарған жұмысымды “жақсы” деп бағалап, өз алғыстарын риясыз жеткізіп жатты. Сонда халықтан асқан сыңгер, халықтан асқан мінгер жоқтығына көзім тағы бір жеткендей болды.

*– Әңгімеңізге рахмет, табысыңыз молайып, еңбегіңіз жемісті бола берсін!*

Әңгімелескен
**Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.**

# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**«Қармақшы ауданы әкімінің аппараты» коммунальдық мемлекеттік мекемесі, 120500, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Т.Рысқұлов көшесі №2/А үй, анықтама үшін телефондары 8(7243) 72-19-59, факс 8(7243) 72-19-59, karmakchi@mail.ru**

**«Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:**

**1. Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары (санаты Е-1, индексі №01-2) – 1 бірлік.** Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 115954 теңгеден 156314 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Негізгі функционалдық міндеттері:**

Аудан аумағындағы индустриялық-инновациялық даму, құрылыс, өнеркәсіп, отын, энергетика, қысқы дайындық жөніндегі мәселелерді үйлестіру. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауынан туындайтын мәселелердің орындалуын қамтамасыз ету. Басшылық жасайтын салалар бойынша бағалау рейтингілік критерийлердің жоғары көрсеткіштерге жетуін қамтамасыз ету. Аудан аумағында құрылыс, сәулет және қала құрылысы жұмыстарының сапалы жүргізілуіне бақылау орнату. Аудан аумағындағы орналасқан заңды және жеке тұлғалардың жерге орналастыру жөніндегі өтініштерін қарау және бөлінген жердің тиімді пайдалануына бақылау жасау жөніндегі комиссиялары жұмысына басшылық жасау. Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, ауыз және аяқ сумен қамтамасыз ету, жұмылдыру даярлығы және төтенше жағдайлар, табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу, инвестиция тарту, бәсекелестікті дамыту және монополияға қарсы заңдылықты сақтау мәселелерін үйлестіру. Азаматтарды қабылдап олардың ұсыныстары мен арыз-өтініштерін қарап олар бойынша тиісті шешімдер қабылдауды ұйымдастырады.

**Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:**

Құқық немесе техникалық ғылымдар және технологиялар (жылу энергетикасы немесе электр энергетикасы немесе құрылыс) немесе қызмет көрсету (жерге орналастыру немесе кадастр) немесе өнер (сәулет) мамандықтары бойынша жоғары білім.

**Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:**

1) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;

2) жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе ғылыми дәрежесінің болуы;

3) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

4) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес.

**2. Қармақшы аудандық білім бөлімі басшысының орынбасары (санаты E-R-2, индексі №07-02) – 1 бірлік.** Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 98017 теңгеден 132611 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Негізгі функционалдық міндеттері:**

Аудандық білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының, 2011-2015 Қармақшы аудандық білім бөлімінің даму және тағы басқа да мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына бақылау жасайды. Тәртіптік, аттестациялық және конкурстық комиссия отырысына төрағалық (төрайымдық) қызметті жүргізеді. Аудандық білім бөлімінің жұмыс жоспарларын жасап, бекітуге ұсынады. Бөлім басшысы еңбек демалысы және тағы басқа жағдайларда жұмыста болмағанда бөлім басшысы міндетін уақытша атқару жүктеледі. Аудандық білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі», «Қазақстан - 2050» Стратегиялық даму бағдарламасының орындалуын, жөндеу, жылу, өрт, техникалық қауіпсіздігіне, қысқа дайындық жұмыстарына, өзін-өзі қаржыландыру жұмыстарына бақылау жасайды. Білім беру ұйымдарының күрделі жөндеу, жаңа құрылыс салу жұмыстарының жоба-сметалық құжаттарының уақытылы жасалуын қадағалайды. Аудандық білім бөлімі, және білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметін ұйымдастыруды, материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының үнемді пайдаланылуын қадағалайды.

Ұйымның қызметі туралы оның мүліктік жағдайы кірістері мен шығыстары туралы толық және нақты бухгалтерлік ақпаратты қалыптастыру және уақтылы ұсынуды, сондай - ақ қаржылық тәртіпті нығайтуға бағытталған іс-шараларды әзірлеуді және орындауды жүзеге асырады. Аудандық білім бөлімі және білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарына құжаттарды ресімдеудің заңдылығын, уақытында ұсынылуы мен дұрыстығын, экономикалық негізделген өнімнің (жұмыстың, қызмет көрсетудің) өзіндік құнының калькуляциясын жасауды, жалақы бойынша есептерді, заңнамаға сәйкес мемлекеттік бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді, банктерге зейнетақы және өзге сақтандыру жарналарын, төлемдерді, капитал салымдарын қаржыландыруға қаражатты дұрыс аударуды бақылайды.

Қаржы-шаруашылық қызметіне экономикалық талдау жүргізуге қатысады. Жетіспеушіліктердің, ақша құралдары мен тауарлық-материалдық құндылықтарды заңсыз жұмсаудың, қаржы және шаруашылық заңнаманы бұзудың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды. Ақша қаражаты мен тауарлық-материалдық құндылықтардың жетіспеушілігі мен ұрлануы бойынша қаржылық зерттеулер жүргізуге мен материалдар ресімдеуге қатысады, қажет болған жағдайларда материалдардың тергеу және сот органдарына берілуін бақылайды.

Аудандық білім бөлімінің және білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне бухгалтерлік есеп, шаруашылық қызметін бақылау, есеп беру және талдау мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсетеді.

**Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:**

Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика немесе менеджмент немесе есеп және аудит немесе қаржы) мамандығы бойынша жоғары білім.

**Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:**

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес;

3) жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің болуы.

**3. Қармақшы аудандық білім бөлімінің білім беруді дамыту секторының меңгерушісі (санаты E-R-3, индексі №07-03)** негізгі қызметкердің жұмыста болмауына байланысты (сот азаматты хабар-ошарсыз деп танығанша) уақытша бос лауазым – 1 бірлік. Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 74313 теңгеден 99939 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Негізгі функционалдық міндеттері:**

Байқоңыр қаласы, Төретам кенті және Ақай ауылдық округінде орналасқан мектептерінде «Білім» мемлекеттік бағдарламасының орындалуын қамтамасыз етеді. Білім қызметкерлерін аттестаттауды жүргізеді. Байқоңыр қаласы, Төретам кенті және Ақай ауылдық округінде орналасқан мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың есебін жүргізу, олардың орта білім алғанға дейін оқуын ұйымдастыруға, білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесі мазмұнының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарына сәйкес келуіне мезгіл-мезгіл бақылау жасап, ұсыныс беріп отырады. Оралман отбасы балаларының есебін жүргізеді, орта білім алуын қамтамасыз етеді, тиісті орындарға мәлімет беріп отырады. Байқоңыр қаласы, Төретам кенті және Ақай ауылдық округінде орналасқан жалпы орта білім беру мәселелері бойынша статистикалық есеп береді. Оқушылардың пәндік олимпиадасын, ҰБТ және оқушылардың білімін сырттай бағалауды ұйымдастырады. Білім беру сапасының мониторингін жасайды. Оқушылардың грант арқылы оқуға түсу есебін жүргізеді. Оқушыларды тасымалдау жұмысына бақылау жасайды. Байқоңыр қаласы, Төретам кенті және Ақай ауылдық округінде орналасқан мектептердің тарификациясындағы сағат жүктемелерінің заң талаптарына сәйкес бөлінуін бақылайды.

**Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:**

Гуманитарлық ғылымдар немесе құқық немесе білім мамандықтары бойынша жоғары білім.

**Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:**

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда үш жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы;

3) жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесі шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің болуы.

**4. Қармақшы аудандық білім бөлімінің білім беруді дамыту секторының бас маманы (санаты E-R-4, индексі №07-05) – 1 бірлік.** Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 59579 теңгеден 80720 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Негізгі функционалдық міндеттері:**

Уәкілетті органға ұсыну үшін бос лауазымдар тізімін бос лауазымдарды толтыру жөнінде және өзге де қажетті ақпаратты дайындайды. Аудан мектептеріндегі кадр қозғалысына бақылау жасайды, есебін алады, еңбек заңдылықтарына, ережелеріне және бөлім басшысының бұйрығына сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, босату, еңбек кітапшаларына жазбалар жазу, бөлімінің қызметкерлерінің, мектеп, балабақша, қосымша білім беру ұйымдарының басшыларының еңбек кітапшасы, диплом, қызметке қабылданған, шығарылған бұйрықтары, қызмет тізімдерінің көшірмелерін мекеме мөрімен куәландыру жұмыстарын жүргізеді. Еңбек өтілін анықтау, конкурстық, аттестациялық, тәртіптік комиссия жұмыстарын, бөлімге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу жұмыстарын жүргізеді. Ішкі кеңсе жұмысының тәртібін, қадағалайды. Барлық білім саласына қарасты мекемелердің құқықтық жұмыстарын заңдылықтарға сай қадағалау, практикалық көмек беру жұмыстарымен айналысады. Білім саласына қатысты барлық мекемелерде құқықтық оқу жұмыстарын ұйымдастырады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы, талаптарының орындалуына бақылау жасайды.

**Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:**

Білім немесе құқық мамандықтары бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білім беру немесе құқық білімі барларға рұқсат етіледі.

**5. Жосалы кенті әкімі аппаратының жетекші маманы (санаты E-G-4, индексі №19-0-11) – 1 бірлік.** Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Негізгі функционалдық міндеттері:**

Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының орындалуы жайлы және аудандық әскери қорғаныс істері жөніндегі бөлімге байланысты жұмыстарды жүргізеді.

Жосалы кенті бойынша жалпыға бірдей әскери міндеттілік пен әскери қызмет пен Жосалы кенті әкімі аппаратында азаматтарды әскери есепке алу және броньдалу жұмыстарын жүргізеді. Жосалы кенті бойынша әскер қатарына шақырылғандарды есепке алады, есептен шығарады, әскерге баратындардың құжаттарын дайындайды. Жосалы кенті аумағындағы елді мекендерді, жеке қожалықтарды аралап, әскери міндеттілердің есебін жүргізеді, әскерге шақыру хаттарын таратады. Өз құзіреті шегінде функционалдық міндетімен көзделген басқа да жұмыстарды жүзеге асырады.

**Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:**

Білім немесе әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес немесе құқық мамандықтары бойынша жоғары немесе ортадан кейінгі білім беру немесе қызмет көрсету, экономика және басқару немесе құқық білімі. Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

**Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:**

1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі фотосурет пен осы өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалдық куәландырылған сертификат көшірмесі).

Егер азамат еңбек өтілін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған, құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қармақшы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кенті Т.Рысқұлов көшесі №2/А үй 19 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қармақшы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кенті Т.Рысқұлов көшесі №2/А үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

**Е-1 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы:** Мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); Логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ); «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ); «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ); «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

**E-R-2, E-R-3 санаттары үшін тестілеу бағдарламасы:** Мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); Логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ); «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ); «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

**E-R-4, E-G-4 санаттары үшін тестілеу бағдарламасы:** Мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); Логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ); «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

**«Қармақшы ауданы әкімінің аппараты»**
**коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**
**конкурстық комиссиясы.**

КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАУЫ БОЙЫНША БЕЛГІЛІ БАЛГЕР ЖӘНЕ КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗУШЫ

АННА

Егер де сізді мынадай жайлар мазаласа:
- Дуа жасау, көз тию, өсек-аяңға ұшырау, адамдардың қызғанышын тудыру, көреалмаушылық;
- Қайғы-қасіретке ұшырау;
- Маскүнемдік (суретке қарап та емдейді);
- Күйзеліске ұшырау, қорқыныш, ұйқысыздық, күш-қуаттың кетуі;
- Жұбайлардың кетіп қалуы;
- Белсіздік, баласыздық;
- Жалғыздық, некесіз тұру;
- Жұмыста, бизнестегі сәтсіздіктер;
- Отбасындағы жанжал, ата-ана мен балалар арасындағы қатынастың бұзылуы;
- Жолы болмау, сәтсіздіктерден арылмау.




Маған дуа жасалғанын тапқан Аннаға алғысымды білдіремін. Ол бар дуаны кетірудің әдісін жасады. Мен тазару кезінде тұмар мен тастарды пайдаландым. Осы жайлардан кейін мен бала көтердім. Біз бұл күнді төрт жыл күтіп едік.

**Құрметпен, Думайбековтер отбасы.**

Анна осыдан екі жыл бұрын басқа әйелге кеткен менің күйеуімді қайтарды. Бұл жағдай маған ауыр соққы болды. Өйткені мен өмірімнің жақсы жылдарын күйеуіме арнағанмын, оның үстіне үш баламыз бар. Анна күйеуімнің кетіп қалуын суретке қарап оқыды, үйді қалай сақтап, тазалау керектігін үйретті. Мен оның кеңесінің бәрін орындадым. Соның арқасында қазір күйеуіммен біргемін.Қазір бақыттымын, балаларымның қасында әкесі бар. Анна сізге көп-көп рахмет.

**Құрметпен, Әмина.**

Кәсіпкерлікпен 7 жыл айналыстым. Өткен жылы түсініксіз жағдай болды. Табыс бірден түсіп кетті. Қиындықтарға ұшырап, денсаулығым сыр бере бастады. Бір күні әйелім екеуміз үйден бөтен әйел орамалы мен қара жіппен байланған ат кекілін тауып алдық. Аннаға бардық. Ол бірден картасын жайып, бізге дуа жасалғанын, содан табысымыздың азайып, жолымыздың болмай жүргенін айтты. Анна бізді тұмармен қорғануға үйретті. Осыдан кейін жағдайымыз жақсарып, жұмысымыз жүре бастады. Ісім оңға басып, табысымыз молая түсті. Сол үшін де Аннаға айтар алғысымыз шексіз.

**Арсен.**

Аннаның үйінде болып, оның кеңесін алып, оқыған тұмары мен әдістерінің арқасында күйеуім өзге әйелдің соңынан ермейтін болды. Қазір салмақты, маған және балаларына көп көңіл бөледі. Сондықтан да Аннаға шынайы ризашылығымды білдіргім келеді.

**Диана.**

Маскүнемдікке салынғаннан кейін мен барымнан айырылдым. Ес жиғанда бәрі де кеш болды. Ішуді өздігімнен қоя алмадым. Мені Анна құтқарды. Ол маған құпия жоралар жасап, онан кейін өзімді қалай ұстау керектігімді айтып тұмар оқып берді. Содан бері ішімдікке еш зауқым жоқ, ол туралы ойламайтын болдым. Маған көмек қолын созған Аннаға алғысым шексіз.

**Мирас.**

Бізге көршілер, туыстар, достар өмір бойы қызыға да қызғанышпен қарайтын. Мені күйеуім жақсы көріп, балаларына жақсы қарады. Үйде тәртіп қалыптасып, керектің бәрі бар-тын. Бір күні көршіммен ұрысқаннан кейін бізді бір қырсық айналдырды. Күйеуіміз екеуміз ауырдық, шаруашылығымыз шығынға батты. Аулада баламызды соққыға жыққаннан кейін қорқыныштан кекештеніп қалды. Жәй әзілдегеннен қорқатын болды. Біз Аннаның қабылдауында болып, бар жайсыздықтар дуаның әсерінен болып жатқанын білдік. Ол бар тәсілдерді жасап, көз тию мен жасалған дуадан тазартты. Оқып берген көзмоншағы мен тұмарын кіреберіс босағаға іліп қойдық. Содан кейін отбасымызда бәрі жақсара бастады. Балам кекештенуі мен қорқуын қойды. Аннаның берген тұмарын жанынан тастамайды.

**Фатима.**

Анна Сіздерді желтоқсанның 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 күндері сағат 10.00-ден 14.00-ге дейін мына мекен-жайда күтеді: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 30 (офиске Есенов көшесімен кіреді, Анна деген жазу ілулі тұрады, Болашақ аялдамасы).

## ХАБАРЛАМА

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-ІІІ Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Құмкөл кенішіндегі ҚТҚ полигонын кеңейту» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімімен бірге Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу, бақылау және мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаментіне мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефондары (7242) 29-92-11.**

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Алдамжарова Казнаш Исмайловнаның, Шарапова Шолпан Сабыржановнаның, Шарапова Балжан Сабыржановнаның, Ысмайылова Гүлзияш Сабыржанқызының аттарына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақмаржан м/а, Мұнайшы көшесі 16 үй, 10 пәтерге берілген пәтерді (үйді) жекешелендіру келісім-шарты (№96 24.07.2007 ж.), сот орындаушысының қаулысы (№- 09.09.2010 ж.), қаулы (№- 16.10.2014 ж.) (жеке сот орындаушы Саматов Ж.Н., Астана қ., мемлекеттік тіркеу куәлігі №1926), техпаспортының түпнұсқалары жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Зейнулла Жақсылық Бағланұлының атына Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Алғабас ауылындағы №157 Б.Пәрімбетов атындағы қазақ орта мектебін 2011 жылы бітіргені жөнінде берілген №0292192 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Оразалиева Ботакоз Мухтаровнаның атына Қызылорда экономика және құқық колледжін «Экономика, бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша 12.06.2006 жылы бітіргені жөнінде берілген ОАБ №0372197 дипломы қосымшасымен жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

*«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады.*

**E-mail: smjarnama@mail.ru**

# АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**Қызылорда облысының қаржы басқармасы 2015 жылғы 30 желтоқсанда сағат 10.00-ден бастап www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында облыстық коммуналдық мүлік нысандарын сату бойынша электрондық аукцион өткізу туралы хабарлайды.**

**Облыстық коммуналдық мүлік нысандарын сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру нысандарын сату қағидасымен жүргізіледі.**

**Сауда-саттықтың голланд әдісімен аукционға облыстық коммуналдық мүліктің мына нысандары қойылады:**

1. Автокөлік маркасы «Уаз 3962», мемлекеттік нөмірі N 277 AL, 1999 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Қызылорда облыстық тері-венерология диспансері» ШЖҚ МКК. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 21а. Алғашқы бағасы - 32000 теңге, бастапқы бағасы - 160000 теңге, ең төменгі бағасы - 5600 теңге, кепілдік жарна - 4800 теңге.

2. Автокөлік маркасы «Уаз 39629-016», мемлекеттік нөмірі 610АЕ11, 2005 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Арал аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК. Қызылорда облысы, Арал қаласы, Байтұрсынов көшесі, 75. Алғашқы бағасы - 132000 теңге, бастапқы бағасы - 660000 теңге, ең төменгі бағасы - 23100 теңге, кепілдік жарна - 19800 теңге.

3. Автокөлік маркасы «Уаз 39629-016», мемлекеттік нөмірі N 831 АЕ11, 2005 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Қазалы аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Пірімов көшесі, 5а. Алғашқы бағасы - 42000 теңге, бастапқы бағасы - 210000 теңге, ең төменгі бағасы - 7350 теңге, кепілдік жарна - 6300 теңге.

4. Автокөлік маркасы «Уаз 39629-016», мемлекеттік нөмірі N 829 АЕ11, 2005 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Қазалы аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Пірімов көшесі, 5а. Алғашқы бағасы - 35000 теңге, бастапқы бағасы - 175000 теңге, ең төменгі бағасы - 6125 теңге, кепілдік жарна - 5250 теңге.

5. Автокөлік маркасы «Lifan Lf200gy-5», мемлекеттік нөмірі 4971 NA, 2007 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қаласы, Күзембаев көшесі, №1. Алғашқы бағасы - 32000 теңге, бастапқы бағасы - 160000 теңге, ең төменгі бағасы - 5600 теңге, кепілдік жарна - 4800 теңге.

6. Автокөлік маркасы «Lifan Lf200gy-5», мемлекеттік нөмірі 4970 NA, 2007 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қаласы, Күзембаев көшесі, №1. Алғашқы бағасы -13000 теңге, бастапқы бағасы - 65000 теңге, ең төменгі бағасы - 2275 теңге, кепілдік жарна - 1950 теңге.

7. Автокөлік маркасы «Lifan Lf200gy-5», мемлекеттік нөмірі 4291 NA, 2007 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ. Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Дауымбай көшесі, нөмірсіз. Алғашқы бағасы - 17000 теңге, бастапқы бағасы - 85000 теңге, ең төменгі бағасы - 2975 теңге, кепілдік жарна - 2550 теңге.

8. Автокөлік маркасы «Уаз 39629-016», мемлекеттік нөмірі 235АЕ11, 2005 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Сырдария аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Иса Тоқтыбаев көшесі, № 13. Алғашқы бағасы - 119000 теңге, бастапқы бағасы - 595000 теңге, ең төменгі бағасы - 20825 теңге, кепілдік жарна - 17850 теңге.

9. Автокөлік маркасы «Уаз 396259», мемлекеттік нөмірі 231АЕ11, 2003 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Сырдария аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Иса Тоқтыбаев көшесі, № 13. Алғашқы бағасы - 111000 теңге, бастапқы бағасы - 555000 теңге, ең төменгі бағасы - 19425 теңге, кепілдік жарна - 16650 теңге.

10. Автокөлік маркасы «Уаз 396259», мемлекеттік нөмірі 226АЕ11, 2005 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Сырдария аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті,Иса Тоқтыбаев көшесі, № 13. Алғашқы бағасы-129000 теңге, бастапқы бағасы-645000 теңге, ең төменгі бағасы- 22575 теңге, кепілдік жарна-19350 теңге.

11. Автокөлік маркасы «Уаз 39629-016», мемлекеттік нөмірі 591АЕ11, 2005 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Жалағаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК. Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Мырзалиев көшесі, № 69. Алғашқы бағасы - 74000 теңге, бастапқы бағасы - 370000 теңге, ең төменгі бағасы - 12950 теңге, кепілдік жарна - 11100 теңге.

12. Автокөлік маркасы «Уаз 39629-016», мемлекеттік нөмірі 568АЕ11, 2005 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Жалағаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК. Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Мырзалиев көшесі, № 69. Алғашқы бағасы - 64000 теңге, бастапқы бағасы - 320000 теңге, ең төменгі бағасы - 11200 теңге, кепілдік жарна - 9600 теңге.

13. Автокөлік маркасы «Уаз 396259», мемлекеттік нөмірі 567АЕ11, 2005 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Жалағаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК. Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Мырзалиев көшесі, № 69. Алғашқы бағасы - 38000 теңге, бастапқы бағасы - 190000 теңге, ең төменгі бағасы - 6650 теңге, кепілдік жарна - 5700 теңге.

14. Автокөлік маркасы «Уаз 396259», мемлекеттік нөмірі 213АН11, 2004 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Қармақшы аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Абай көшесі, № 105. Алғашқы бағасы - 38000 теңге, бастапқы бағасы - 190000 теңге, ең төменгі бағасы - 6650 теңге, кепілдік жарна - 5700 теңге.

15. Автокөлік маркасы «Уаз 396259» мемлекеттік нөмірі N 461 ВЕ, 2005 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Қалалық жедел жәрдем станциясы» МКҚК. Қызылорда қаласы, Абуов көшесі, 49. Алғашқы бағасы - 133000 теңге, бастапқы бағасы - 665000 теңге, ең төменгі бағасы - 23275 теңге, кепілдік жарна - 19950 теңге.

16. Автокөлік маркасы «Уаз 396259» мемлекеттік нөмірі N 460 ВЕ 2005 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Қалалық жедел жәрдем станциясы» МКҚК. Қызылорда қаласы, Абуов көшесі, 49. Алғашқы бағасы - 117000 теңге, бастапқы бағасы - 585000 теңге, ең төменгі бағасы - 20475 теңге, кепілдік жарна - 17550 теңге.

17. Автокөлік маркасы «Уаз 396292-016» мемлекеттік нөмірі N 194 АР, 2002 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Қалалық жедел жәрдем станциясы» МКҚК. Қызылорда қаласы, Абуов көшесі, 49. Алғашқы бағасы - 129000 теңге, бастапқы бағасы - 645000 теңге, ең төменгі бағасы - 22575 теңге, кепілдік жарна - 19350 теңге.

18. Автокөлік маркасы «Уаз 396259» мемлекеттік нөмірі N 357 ВЕ, 2004 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Қалалық жедел жәрдем станциясы» МКҚК. Қызылорда қаласы, Абуов көшесі, 49. Алғашқы бағасы - 118000 теңге, бастапқы бағасы - 590000 теңге, ең төменгі бағасы - 20650 теңге, кепілдік жарна - 17700 теңге.

19. Автокөлік маркасы «Уаз 22069-04» мемлекеттік нөмірі 489 AD 11, 2004 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Күзенбаев көшесі, 1. Алғашқы бағасы - 27000 теңге, бастапқы бағасы - 135000 теңге, ең төменгі бағасы - 4725 теңге, кепілдік жарна - 4050 теңге.

20. Мотоцикл маркасы «Урал М67 36» мемлекеттік нөмірі 4874 NA, 1979 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Керейтбаев көшесі, 24. Алғашқы бағасы - 8000 теңге, бастапқы бағасы - 40000 теңге, ең төменгі бағасы - 1400 теңге, кепілдік жарна - 1200 теңге.

21. Трактор тіркемесі «2ПТС-4» мемлекеттік нөмірі ADD N880, 1981 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Керейтбаев көшесі, 24. Алғашқы бағасы - 43000 теңге, бастапқы бағасы - 215000 теңге, ең төменгі бағасы - 7525 теңге, кепілдік жарна - 6450 теңге.

22. Автокөлік маркасы «Зил Ммз 4502» мемлекеттік нөмірі N 348 ВС, 1992 жылы шыққан. Теңгерімұстаушы: «Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ. Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қамыстыбас станциясы. Алғашқы бағасы - 83000 теңге, Бастапқы бағасы - 415000 теңге, ең төменгі бағасы - 14525 теңге, кепілдік жарна - 12450 теңге.

Электрондық аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталуына екі сағат қалғанда аяқталады.

Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарна бірыңғай оператордың шотына төленеді: «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ: БИН 050540004455, ИИК KZ529261501102032004, БИК KZKOKZKX, «ҚАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ, КНП 171, Кбе 16.

Аукционға қатысу үшін мыналарды көрсете отырып, тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), тегі, аты, әкесінің атын (бар болса);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы, бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп айырысу шотының деректемелері;

4) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail);

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде Тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін, қосымшалармен қатысушының қол қойылған ЭЦҚ, пішін бойынша электронды аукционға қатысу үшін электронды өтінімді Тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

Аукционға қатысушылар электрондық аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде аукцион залына ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып кіреді. Аукцион жекешелендіру нысанының бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласының уақыты бойынша басталады.

Сауда-саттықтың голланд әдісі бойынша электрондық аукцион ережесі:

1) егер аукцион басталған сәттен бастап екі минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі электрондық аукционда жекешелендіру нысанын сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру нысанының бастапқы бағасы Қағидаға сәйкес белгіленген қадаммен азаяды;

2) егер баға азайғаннан кейін екі минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру нысанын сатып алуға ниетін растамайтын болса, жекешелендіру нысанының соңғы жарияланған бағасы белгіленген қадаммен азаяды.

Жарияланған баға бойынша жекешелендіру нысанын сатып алуға ниетін бірінші болып растаған қатысушы сауда-саттықтың голланд әдісі бойынша аукцион жеңімпазы болып танылады және осы жекешелендіру нысаны бойынша аукцион өткізілді деп танылады;

3) егер жекешелендіру нысанының бағасы белгіленген ең төменгі мөлшерге жетсе және қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру нысанын сатып алуға ниетін растамаса, онда электрондық аукцион өткізілмеді деп танылады.

Әрбір сатылған жекешелендіру нысаны бойынша аукцион нәтижелері аукцион нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілген күні тізілімнің веб-порталында қол қояды.

Аукцион нәтижелері туралы хаттама электрондық аукцион нәтижелерін және жеңімпаз сатушының жекешелендіру нысанының сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттерін белгілейтін құжат болып табылады.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына электрондық аукцион өткізілген күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Қызылорда облысының қаржы басқармасының мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс 1, индекс:120003, Облыстық мекемелер үйі, № 549 кабинет. Электронды аукцион өткізу туралы қосымша ақпаратты www.gosreestr.kz сайтынан және мына телефоны арқылы алуға болады (87242) 60-54-26.

Аукционның жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде келесі көрсетілген құжаттардың көшірмелерін, көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын не нотариалдық куәландырылған көшірмелерін салыстыру үшін міндетті түрде көрсете отырып, сатушыға ұсынады.

1) жеке тұлғалар үшін: паспорттың немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттар;

2) заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің не анықтамасы;

заңды тұлға өкілінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттың, сондай-ақ заңды тұлғаның өкілі паспортының немесе оның жеке басын куәландыратын құжаттар.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырғаннан кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарып беріледі.

Назар аударыңыз! Бірыңғай оператордың есеп шотына кепілді жарнаның аукцион басталған уақытына дейін екі сағатқа дейін түспеген жағдайында, сонымен қатар, тіркеу бойынша талаптарды қатысушылар орындамаған жағдайда, өтініштерді қабылдау тізілімнің веб-порталының бас тарту үшін негіз болып табылады.

● БӘРЕКЕЛДІ!



## НҰРМАТ МАНСҰР «СЕРПЕР» СЫЙЛЫҒЫН АЛДЫ

**Сырдың бойынан түлеген адуынды айтыс ақыны Нұрмат Мансұр «Серпер» Жастар сыйлығына ие болды. «Айтыста арзан сөйлемейтін ақын» деген баға алған Нұрматқа бұл сыйлық тамыры терең, тарихы кенен айтыс өнерінің туын биікке көтеріп жүргені үшін берілген.**

Қазақстан Жастар одағының «Серпер» сыйлығы 60-жылдардан бері әдебиет, журналистика, театр, эстрада, халық өнері салаларының талантты жас буынына 2 жыл сайын беріліп келеді. Жастар одағының сыйлығын әр жылдары Шәмші Қалдаяқов, Жұмекен Нәжімеденов, Мұхтар Шаханов, Фариза Оңғарсынова, Әлібек Дінішев, Тұңғышбай Жаманқұлов, Роза Рымбаева, Нағима Есқалиева, «Дос-Мұқасан» тобы, т.б алған.

Біз Нұрматты «Серпер» сыйлығын алуымен құттықтап, айтыс өнеріндегі әр қадамына сәттілік тілейміз.

**М.МИРАС.**

## АЙТЫС АДАМЗАТТЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫНА АЙНАЛДЫ

**Желтоқсанның басында ЮНЕСКО қазақтың төл өнері – айтысты күллі адамзатқа ортақ мәдени мұралар қатарына қосты. Мәдени мұраны сақтау комитетінің 2 желтоқсанда Намибияда өткен оныншы сессиясында табан астынан тауып айту өнері Қазақстан мен Қырғызстан атынан осы тізімге енгізілді.**

ЮНЕСКО таратқан ақпаратта «айтыс – жалпы мәдениеттің құрамдасы және Қазақстан мен Қырғызстанның көпұлтты қоғамының теңдігінің белгісі. Жарыс жергілікті немесе жалпыұлттық мереке кездерінде ұйымдастырылады, тақырыптарында көбінесе әлеуметтік маңызды мәселелер қозғалады. Алдыңғы буын бұл дәстүрді жастарға қалдырады», – делінген.

Белгілі айтыскер ақын, «Алтын домбыраның» алғашқы иегері Мұхтар Ниязов қазақ халық ауыз әдебиетінің арналы саласының адамзаттың ортақ мұраларының тізімге енуі үлкен жетістік екенін айтты. Алдағы уақытта айтыстың ерекше белгі-сипаттары, ғасырлар бойындағы даму ерекшеліктері мен бүгінгі айтысқа жалғасу жолдары, ақындар жырлаған шындық, айтыстың көркемдігі арнайы зерттеулерге арқау болатынына сенімді.

Былтыр ЮНЕСКО қазақтың күйі мен киіз үйін адамзаттың мәдени мұрасы қатарына қосқан болатын. Осы жолы материалдық емес мәдени мұраны сақтау комитетінің шешімімен адамзаттың мәдени мұрасы қатарына айтыстан басқа 15 жаңа элемент қосылды. Олардың арасында бауырлас түркмен халқының «Кероғлы» дастаны, Сауд Арабиясының дағырада ойнап, ән айтып, билеуі, Словакия волынкада ойнау мәдениеті бар. Сонымен бірге КХДР-дің кимчи әзірлеу дәстүрі, Тинос аралындағы (Грекия) мәрмәр тас өңдеу, Балидегі (Индонезия) ұлттық билердің үш жанры, тағы басқа дәстүрлер енді.

**М.МЕРЕЙ.**



## ЕЛІМІЗДЕ МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУ МЕРЗІМІ 2016 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНА ДЕЙІН ҰЗАРТЫЛДЫ

Үстіміздегі жылдың 13 қарашасы күні Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасының тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды.

Заңнаманың негізгі өзгерістері жария ету субъектілері үшін мынадай кепілдіктер көздейді:

1) құқық қорғау, басқа мемлекеттік органдар, банктер мен өзге ұйымдар қызметкерлерінің заңсыз әрекеттерінен қосымша қорғалу бөлігінде қылмыстық жауаптылыққа дейін қылмыстық заңнама нормаларын нақтылау және қатаңдату;

2) қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер ретінде жария ету барысында алынған ақпаратты пайдалану мүмкіндігін болдырмау;

3) салық заңнамасына мүлікке жария етуді өткізу процесінде мемлекеттік кірістер органдары салық төлеуші туралы алған мәліметтерді және ақпараттарды ұсынуға тыйым салу туралы нормаларды қосу;

4) банктік заңнамаға жария етілген ақша туралы ақпаратты тек Бас прокурорының немесе оның орынбасарларының санкциясымен ғана құқық қорғау органдарына беру туралы нормаларын қосу;

5) жария етілген мүлікті тәркілеуге тыйым салу туралы норманы қолданысқа енгізу болып табылады.

Ақшаны жария ету бойынша 3 опция қаралған: банк шоттарына олардың сақталуы бойынша міндеттемесіз, алымдарды төлемей, шектеусіз өзінің қарауы бойынша иелік етумен аудару; екінші деңгейлі банктер арқылы банк шотына 10% мөлшерінде алымды төлей отырып аудармау; алымды төлемей, «Астана» халықаралық қаржы орталығына жария етілген ақшаны инвестициялау мүмкіндігін енгізу. Сонымен қатар, әкімдіктер жанындағы комиссияларда тек құқығы ресімделмеген ел аумағындағы жылжымайтын мүлікті жария етуді ғана қалдырылған. ҚР аумағындағы қалған мүлік бөлігінде, алымды төлемей мемлекеттік кірістер органдарына декларацияны ұсыну жолымен жүргізу және ел аумағынан тыс орналасқан мүлік бойынша жария ету 10% мөлшеріндегі алымды төлей отырып, мемлекеттік кірістер органдарына декларацияны тапсыру жолымен жүргізіледі. Айта кету керек, бұл ретте, мүліктің құнын жария ету субъектісі өз бетімен айқындайды.

2015 жылдың 9 желтоқсандағы жағдайы бойынша есептіліктердің қорытындысымен келіп түскен өтініштердің барлық саны – 1130 (жылжымайтын мүліктер – 1370). Келген өтініштер бойынша мүліктердің жалпы бағасы 11 250 393,4 мың теңгені құрайды. 968 өтініш бойынша жалпы құны 10 041 867,7 мың теңгені құраған 1151 жылжымайтын мүлік жария етілді.

**Ринат ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**
**Қызылорда облысының қаржы басқармасы басшысының орынбасары.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Қызылорда облысының прокуратурасы, 120001, Қызылорда қаласы, Нұрмақов көшесі 1, анықтама үшін телефон (7242) 274375, электрондық мекен-жай 7242380@prokuror.kz, бос прокурорлық лауазымға конкурс жариялайды**

**Бос орындар:**

- Сырдария ауданы прокуратурасының прокуроры - C-RGP-5 (бір бірлік)
- Қызылорда қаласы прокуратурасының бөлім прокуроры - C-RGP-5 (негізгі қызметкердің бала күтіміне байланысты демалыста болу уақытына (бір бірлік))

**Функционалдық міндеттері:** азаматтардың құқықтарының сақталуын қадағалау, Қазақстан Республикасының Президенті Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Еңбекақысы 76235 теңгеден жоғары

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

- функционалды бағыттарға сәйкес келетін жоғары кәсіби білім;
- құқық қорғау органдарында қызмет атқару үшін қажетті болған денсаулығының жарамдылығы.

**Құжаттарды қабылдау мерзімі:** хабарландыру жарияланған күннен бастап 5 жұмыс күн ішінде Қызылорда қаласы, Нұрмақов көшесі 1 мекен-жайда қабылданады, кадр жұмысы басқармасы.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі:**

1) Өтініш (нысанға сәйкес);

2) Сауалнама (нысанға сәйкес);

3) Кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы (нысанға сәйкес);

4) Қолмен толтырылған және басылып жазылған толық өмірбаяны (нысанға сәйкес);

5) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

6) Білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

7) Еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

8) Әскери билеттің немесе әскерге шақыру учаскесіне тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі;

9) 3х4 үлгідегі (2 дана) сурет;

10) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтың және оның жұбайының (зайыбының) табыстары мен мүліктері туралы декларацияны тұратын жері бойынша салық органына табыс еткенін растайтын құжаттар;

11) Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды өткізу кезінде жарамды, шекті мәннен төмен емес қолданыстағы заңнаманы білуге арналған компьютерлік тестілеудің нәтижелері;

12) Прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссиялардан медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, сондай-ақ полиграфологиялық зерттеуден өтудің және міндетті арнайы тексеріс қорытындылары;

13) Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарының соттылығы жоқтығы, сот тәртібімен соңғы бір жылдың ішінде қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылмағаны туралы анықтама;

14) Соңғы жұмыс (оқу) орнынан мінездеме.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және іскерлік беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелері мен атақтары берілуі, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері) қосымша ақпараттар бере алады.

Құжаттар мұқабада тізбесі көрсетіле тігіліп тапсырылуы тиіс.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"–ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Таралымы 22621
Тапсырыс № 1278
Электронды оқылым – 28000.